

# Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

alatau.offset@mail.ru  
alatau\_gazeti  
alatau\_gazeti

ЖАҢА АТА ЗАҢ ЖОБАСЫ

## ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ҰЛТТЫҚ МҮДДЕНІ КӨЗДЕУІ КЕРЕК

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАНДА БІР ПАЛАТАЛЫ ПАРЛАМЕНТ ҚҰРУ ЖӨНІНДЕГІ БАСТАМАСЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ ТУЫНДАҒАНЫ БЕЛГІЛІ. ПРЕЗИДЕНТ БҰЛ ИДЕЯНЫ 2025 ЖЫЛҒЫ 8 ҚЫРКҮЙЕКТЕ ӨЗІНІҢ ХАЛЫҚҚА АРНАҒАН ЖЫЛ САЙЫНҒЫ ЖОЛДАУЫНДА ЕЛДІҢ САЯСИ ЖҮЙЕСІН КЕШЕНДІ ЖАҢҒЫРТУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІНДЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНА ОҢ БАҒЫТ БЕРУ МАҚСАТЫНДА АЙТҚАНЫ ЕСТЕ.



жаңа Ата Заңының жобасын жариялағалы ел ішінде алуан түрлі пікірлер айтылуда. Біреулер жақтаса, біреулер ерін бауырына алып тулап жатыр. Пікір қайшылығы да көп. Бұл да демократияның бір көрінісі. Әрине, көптің көңілінен шығу да оңай емес. Әркім әрқалай топшылайды демекші, әр адамда бір қиялилық бар. Әсіресе, әлеуметтік желілердегі жазбалар қым-қиғаш пікірлерге толы.

Өңірімізде Ата заңда көрсетілген барлық кепілдіктерді қолдаған актив жиыны өтіп кетсе де халықтың қосар ұсынысы әлі де толастар емес. Осы орайда кейбір азаматтар Қасым-Жомарт Тоқаевтың «заңда жазылғандар қасиетті кітаптағы жазулар емес қой, халықтың қажетіне қарай өзгертіледі, өңделеді, түзетіледі» деген сөздерін де естерінде сақтап қалыпты. Осы дәйекті келтірген оқырмандарымыз өз ұсыныстарын редакциямызға былайша жеткізіп жатты.

**Құлтай Нұрқалбайұлы – тарихшы өлкетанушы: - Мен Ата заңның жобасымен танысып шықтым. Салиқалы жерлері бар – келісетін. Талдау комиссиясы да көп шаруалар атқарып жатыр екен. Ұсыныстар мен өзгерістер көп. Ата заңның 84 пайызы жаңармақ. Мен оқыған кездің өзінде Ата заңның 77 бабына түзету енгізілгенін оқыдым. Қос азаматтыққа жол берілмейді, егер басқа ел азаматы болсаң, Қазақстан азаматтығынан шығарыласың деген бап та дұрыс. Дегенмен, мен келіспеген жерлерді атап айтайын.**

Біріншіден, тіл туралы 9-шы бапта «Орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» дейді де мемлекет біртұтас Қазақстан халқының тілдерін үйрену және дамыту үшін жағдай жасауға қолдау көрсетеді – дейді. 9 баптың екінші тармағы бұрынғы Конституциядағыдай өзгеріссіз қалғаны қазақ тілінің жанашыры ретінде маған қатты



батты. Қазақ тілінен орыс тілі қалыспай қолданылса - қазақ тілінің мемлекеттік тіл болғанынан не пайда?

Екіншіден, қазақ тілін бұлайша қорғамас болар. Сыртқы саясатқа байланысты ма сонда, орыс тілінің қатар жүруі? Ұлтымыздың еңсесі енді көтеріліп келе жатқанда, мемлекеттік тіл саналатын қазақ тіліне орыс тілін байлап қою не үшін керек, сол дұрыс па? Бұл үлкен қателік, меніңше.

Үшінші, жоғарыдағы пікірлерімнің жалғасы ретіндегі ұсынысым - қазақ тілін білмейтіндер мемлекеттік қызметке қабылданбасын.

Төртінші, телеарналар мен радио хабарларының 70 пайызы қазақша жүргені жөн.

Бесінші, қазақтар көп жиналған жиналыстарды, басқа да шараларды жүргізу тілі қазақ тілі болғанын талап етемін. Ата заңға да осылар жазылуы керек. Қазақстанда тұрып жатқан басқа ұлт тілдерін дамыту ма, қорғау ма – оны мемлекет өз қамқорлығына алсын. Олай болмаған күнде тілдік айқас тоқтамайды.

Конституциялық реформаның аяқталу мерзімі туралы анық белгілі уақыт аталынған жоқ. Себебі қалың жұртшылық жобамен

толықтай танысып, оны түсінуге жеткілікті уақыт бөлінген сияқты десек те, саяси сараптаушы Марат Шибұтовтың айтуынша, жобаны халыққа талдау үшін берген мерзімі алысқа бармайтын сияқты. Себебі алдағы уақытта жоба реформасынан кейін алда тұрған маңызды саяси шаралар бар ғой. Оларды атап айтсақ Ата заңның реформасының өзгертулері мен ұсыныстары аяқталған соң оны қабылдау жөнінен елде Референдум өткізу маусымы тұр.

Одан кейінгі қазіргі қос палаталы парламент сессиясы аяқталған соң, яғни 30 маусымда конституциялық заңдарға сәйкес Бір палаталы парламент туралы заң қабылдануы керек. Ал қыркүйек айында «Халық кеңесі» сияқты жаңа саяси институт пен «Вице-президент» тағайындау сияқты саяси шаралар бар. Сонымен, қоғамымызда жаңа саяси жүйеде өмір сүру үшін қажетті заңдар дүниеге келетін уақыт жақындап, соған дайындық басталып кеткендей.

**П.С. Жаңа Конституция Жобасын талқылау туралы оқырмандар пікірін жұлғасын 10 беттен оқыңыздар.**

Баян ТАҢАТАРОВА

### БАСПАСӨЗ - 2026

Жазылу базасы:

редакция арқылы

1 жылға – 4 212 теңге.

«Қазпошта» арқылы жеке тұлғаларға

1 жылға – 6 550,96 теңге.

«Қазпошта» арқылы заңды тұлғаларға

1 жылға – 8 925,28 теңге.

Цена подписки:

через редакцию

на год – 4 212 тенге.

через «Казпочту» для физических лиц

на год – 6 550,96 тенге.

через «Казпочту» для юридических лиц

на год – 8 925,28 тенге.

«АЛАТАУҒА»  
ЖАЗЫЛУДЫ  
ҰМЫТПАДЫҢ БА?



Жетісу облысы бойынша жазылуы индексі: 15534

Подписной индекс для других регионов РК: 65534

## ҚЫСҚА ДА НҰСҚА

### РЕФЕРЕНДУМ ҚАЙ КҮНІ ӨТЕТІНІ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ

Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдум өткізу туралы жарлыққа қол қойды, деп хабарлайды Ақорда.

Сонымен қатар "Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?" деген сауалды республикалық референдумға шығару, осы Жарлық пен Конституцияның жобасын 2026 жылғы 12 ақпанда бұқаралық ақпарат құралдарында ресми түрде жариялау,

Республикалық референдумға дайындық пен оны өткізуді Референдумның орталық комиссиясының қызметін атқаратын Орталық сайлау комиссиясына, сондай-ақ референдумның аумақтық және учаскелік комиссияларының қызметін атқаратын аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларына жүктеу,

Қазақстан үкіметінің Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясымен, Қазақстан Республикасының басқа да орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп, республикалық референдумды ұйымдастыру және өткізу бойынша қажетті шараларды қабылдауы көрсетілген.

Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

### ТОҚАЕВ «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНАДАҒЫ» АРТЫҚ ШТАТТАРДЫ СЫНАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік компаниялар, оның ішінде «Самұрық-Қазына» қорындағы артық штат мәселесін көтерді.

Мемлекет басшысы кейбір қызметкерлердің нақты пайдалы жұмыс атқармайтынын атап өтті.

Президенттің айтуынша, мұндай кадрлар жүйеге артық салмақ түсіріп, нақты нәтиже бермейді. Ол мемлекеттік компаниялардың құрылымын қайта қарап, тиімділігін арттыру қажеттігін айтты.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы кейбір қызметкерлер жұмыс уақытын тиімсіз өткізетінін сынға алды. Оның сөзінше, кейбірі түскі уақытта кафе мен қонақүйлерде отырып, жаңалық талқылап, интернетте уақыт өткізеді.

Президент мұндай жағдайлар мемлекеттік компаниялардың жұмысына кері әсер етуі мүмкін екенін ескертіп, басқару жүйесін оңтайландырудың маңызын атап өтті.

### «ЗАҢ МЕН ТӘРТІП» ТАҚЫРЫБЫНДА МУРАЛ САЛЫНАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Заң мен тәртіп әділетті мемлекеттің тірегі» деген ұстанымына сәйкес, Талдықорған қаласында «Заң мен тәртіп» идеологиясын ілгерілету жөніндегі 2025–2030 жылдарға арналған тұжырымдама жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді.

Осы бағытта қала аумағында кешенді жұмыстар жүргізілуде. Айта кету керек, тұжырымдаманы іске асыру аясында қала бойынша 18 банер орнатылып, 9 LED экранда көрнекі ақпарат орналастырылды, сондай-ақ 5 мекеменің сыртына «Заң мен тәртіп» тақырыбындағы жарықтандырылған ақпараттық тақталар ілінді. Бұндай тақталар тағы «Қаратал» шағын ауданында, екіншісі Қ. Жалайыри даңғылы бойындағы көпқабатты тұрғын үйде орналасатын болады. Сонымен қатар, сәуір айында аталған тұжырымдама аясында 2 мурал салу жоспарлануда.

### ТАЛДЫҚОРҒАНҒА 87 МЫҢНАН АСА ТУРИСТ КЕЛГЕН

Елімізде жыл санап туризм саласы ерекше қарқынмен дамып келеді. Соңғы жылдары Жетісу жеріне алыс-жақын шет елдерден, содай-ақ еліміздің әр өңірінен келетін туристердің саны артып отыр.

Талдықорғанда да туристтерді қызықтыратын бірнеше ерекше орындар бар. Атап айтқанда, «Қызылтас - Тасбақа» петроглифтер қорымы, І.Жансүгіров атындағы мұражайы және М.Тынышбаевтың тарихи өлкеганау музейі мен қаланың көрікті орындарын айтуға болады.

Естеріңізге салсақ, Талдықорған қаласы үлкен күре жолдың торысында орналасқан шаһардың бірі. Жетісу өлкесіне келетін әрбір саяхатшы ең алдымен Талдықорғанды басып өтетіні белгілі. Соның арқасында өткен жылдың қаңтар-қыркүйек айында 87 мыңнан аса турист келсе, оның 1502-сі шет елден келген қонақтар. Айта кетейік, туристтерге соңғы 9 айда 1,0 млрд. теңгенің қызметі көрсетілген.

### ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА 73 АДАМ ҚАР ҚҰРСАУЫНАН ҚҰТҚАРЫЛДЫ

Жетісу облысы Кербұлақ ауданында, республикалық маңызы бар «Сарыөзек – Көктал» автожолында ТЖМ қызметкерлері 71 адамды, оның ішінде 10 баланы қар құрсауынан шығарды.

Қарда 19 жеңіл көлік пен 2 жүк көлігі тұрып қалған болатын. Барлық құтқарылған адамдар Сарыөзек ауылына жеткізілді. Сондай-ақ, жолдың тазартылған учаскесіне 15 жеңіл автомобиль сүйретілді, оларда 38 ересек адам болды - олар өз бетінше қозғалысты жалғастырды.

Алакөл ауданында, «Үшарал-Достық» автожолында, Көктұма стансасынан 10 км қашықтықта, ТЖД күштері қар құрсауында қалған жеңіл көліктен 2 адамды құтқарып, Көктұма стансасына жеткізді.

Медициналық көмекке ешкім мұқтаж болған жоқ. ТЖМ ескертеді: ауа райы бұзылғанға дейін жолдардың жағдайын және дауылды ескертулерді тексеріп алған жөн.

### АҚЫНҒА АРНАЛҒАН КЕШ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасында ақиық ақыны М.Мақатаевтың туғанына 95 жыл толуына орай «Аққулар ұйықтағанда» атты әдеби кеш өтті.

Іс-шараға Бұлақты ауылы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, "Жыр ғұмыр" авторлық бағдарламасының авторы Жанат Аянбаева мен Алакөл ауданы әкімдігі аппаратының идеологиялық жұмыс жөніндегі қызметкері Айгүл Қияққызы қатысты.

(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды)

# 10 ІРІ ӘЛЕУМЕТТІК ГРАНТТЫҚ ЖОБА ІСКЕ АСАДЫ

**Жетісу облысында 2026 жылы мемлекеттік гранттар аясында 10 ірі әлеуметтік жоба жүзеге асырылмақ.**

Бұл туралы баспасөз мәслихатында облыстық қоғамдық даму басқармасының жастар және отбасы саясаты бөлімінің басшысы Бексейтова Жанерке Бейбітқызы мәлімдеді.

Жобалар мемлекеттік жастар саясатын, отбасы институтын және азаматтық белсенділікті дамытуға бағытталған. Бастамалар үкіметтік емес ұйымдар арқылы іске асырылады және 2028 жылға дейінгі даму стратегиясының бір бөлігі болып табылады.

Бағдарлама аясында жыл сайын 1 000-нан астам жас кәсіпкерлік негіздеріне оқытылып, үздік 10 стартапқа 3 миллион теңгеден қайтарымсыз грант беріледі. Өтінім қабылдау: қысқа мерзімді гранттар бойынша 15 жұмыс күні ішінде 3 мен 23 аралығында, ұзақ мерзімді гранттар бойынша 20 жұмыс күні ішінде 3 ақпан мен 2 наурыз аралығында болады.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»



## ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

**Жетісу облысында өңірдегі ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған баспасөз мәслихаты өтті.**

Іс-шарада Жетісу облысы ветеринария басқармасы басшысының орынбасары Абилябаев Дархан Қуатұлы 2025 жылдың қорытындылары мен алдағы жоспарлар туралы баяндады.

Маманның айтуынша, 2025 жылы облыс аумағында ауыл шаруашылығы жануарлары арасында аса қауіпті жұқпалы аурулардың алдын алу шаралары толық көлемде жүргізілген. Сонымен қатар, жылдық жоспар 100 пайыз орындалған.

2024 жылмен салыстырғанда ұсақ мүйізді мал саны 329 басқа азайып (29%), жануарлар арасында ауру тіркелу деңгейі 81 пайызға төмендеді. 2026 жылға жануарлар арасында аса қауіпті аурулардың алдын алуға бағытталған жоспарлар бекітіліп, ветеринариялық қауіпсіздікті күшейту жұмыстары ақпан айында басталғанын хабарлады.

Алиса ЕСЕНБЕКОВА,  
ЖУ студенті

## «БАЛА ТОЛАҒАЙ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРЫСЫ ӨТТІ

**2026 жылы қазақтың даңқты балуаны Қажымұқан Мұңайтпасұлының туғанына 155 жыл толуына орай Ақмола облысының Қажымұқан ауылында мерейтойлық іс-шаралар басталды. 8 ақпан күні Қажымұқан орта мектебінде «Толғағай» ұлттық спорт федерациясының ұйымдастыруымен халықаралық «Бала Толғағай» ұлттық күштік жарысы өтті.**

Дәстүрлі сайыста жасөспірімдер серкемен отырып-тұру, найза қадау, қаппен жүгіру секілді Қажымұқан атамиз жаттыққан күш сынасу түрлерінен бақ сынады. Жарысқа Қырғызстан, Өзбекстан, Қытай Халық Республикасы, Ресей Федерациясы, Моңғолиядан қонақтар қатысып, Түркістан облысындағы Қажымұқан атындағы спорт музейінен балуанға қатысты құнды жәдігерлер көрмеге қойылды. Шараға Сенат депутаты Ғалиасқар Сарыбаев, Мәжіліс депутаты Қазыбек Иса және өзге де азаматтар, батырдың ұрпақтары қатысты.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, алдағы уақытта «Бала Толғағай» сайысын мектеп бағдарламасына енгізу көзделіп отыр. Көпшілік қызығушылығын тудырған жарыс жоғары деңгейде өтіп, жас ұрпақты ұлттық спортқа баулудың жарқын үлгісіне айналды.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

## БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІГІ

**Жетісу облысының білім басқармасы мен Қанабек Байсейітов атындағы саз колледжінің ұйымдастыруымен Талдықорған жоғары политехникалық колледжінде «Білім беру процесінде жасанды интеллектті тиімді пайдаланудың тетіктері» тақырыбында республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.**

Басқосуға еліміздің әр өңірінен білім саласының басшылары, ғалымдар мен оқытушылар қатысып, өзара тәжірибе алмасты. Конференцияны облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Әли Солтанбекұлы ашып, ал ұйымдастыру комитетінің төрағасы, колледж директоры Мәргүл Құдайбергеноқызы жасанды интеллекттің білім сапасын арттырудағы маңызын атап өтті. Пленарлық және секциялық отырыстарда ЖИ-дің мүмкіндіктері, оны қолданудағы этика мен академиялық адалдық мәселелері кеңінен талқыланды.

Жиын қорытындысында ғылыми баяндамалар конференция жинағына енгізіліп, ұсыныстар оқу-әдістемелік қорға жолданатын болды. Маңызы шара педагогтердің цифрлық құзыреттілігін арттыруға және заманауи технологияларды тиімді игеруге жаңа серпін берді.



# ПРОЕКТ НОВОЙ КОНСТИТУЦИИ ГОТОВ К РЕФЕРЕНДУМУ

**Депутат Мажилуса Айдос Сарым на 12-ом заседании Комиссии по Конституционной реформе заявил, что проект новой Конституции Республики Казахстан готов и в нынешнем виде может быть предложен Президенту страны для вынесения на общенародный референдум, передает корреспондент агентства Kazinform.**

По его словам, работа над документом была масштабной и тщательной, поэтому его можно финализировать. По его словам, положения проекта в дальнейшем будут реализованы в конституционных законах, кодексах и нормативно-правовых актах, формируя новый правовой каркас страны. Мажилисмен

также заявил о готовности начать разъяснительную работу с населением, а для этого создать штаб и выехать во все регионы страны.

## «УМНЫЕ» ГАЗОВЫЕ СЧЁТЧИКИ БУДУТ САМИ ПЕРЕДАВАТЬ ПОКАЗАНИЯ. ЗА ЧЕЙ СЧЁТ ИХ УСТАНОВЯТ?

**Стоимость стандартного прибора учёта для дома варьируется от 37 тысяч до 55 тысяч тенге. За чей счёт казахстанцам установят газовые счётчики с дистанционной передачей данных, рассказал депутат Едил Жанбыршин – передает Информбюро.кз.**

В системе QazaqGaz Aймақ из 1,9 млн абонентов лишь 100 тысяч оснащены приборами учёта с дистанционной передачей данных, – отметил Жанбыршин во время заседания в мажилисе. По словам депутата, менять приборы будут за счёт средств газоснабжающих организаций. Генеральный директор QazaqGaz Aймақ Бауыржан Аскараров добавил, что компания уже проанализировала рынок отечественных производителей «умных» счётчиков. Четыре из них внесены в реестр отечественных товаропроизводителей Министерства промышленности и строительства.



## ИЗ АСТАНЫ В ТАЛДЫКОРГАН КУРСИРУЕТ НОВЫЙ ПОЕЗД

**Открытие нового маршрута было осуществлено по инициативе депутатов Мажилуса Парламента РК в рамках совместной работы министерства транспорта и национального перевозчика АО «Пассажирский перевозчик», а также с учетом многочисленных обращений граждан, - сообщает KAZINFORM.**

Запуск данного маршрута направлен на повышение транспортной доступности Жетысуской области, обеспечение роста спроса пассажиров, а также формирование комфортного, безопасного и стабильного железнодорожного сообщения между столицей и регионами. Планируется ввод этого поезда с апреля т.г.

На начальном этапе национальным перевозчиком будут выделены два пассажирских вагона, которые будут курсировать ежедневно в составе поезда № 122/121 «Нұрлы жол — Семей». На станции Актогай предусмотрена перерегистрация указанных вагонов в поезд № 631/632 «Актогай — Талдыкорган», что обеспечит бесперебойное и удобное сообщение по всему маршруту.

## В ОБЛАСТИ ЖЕТИСУ СОЗДАДУТ ТРИ ЭКОПАРКА

**В области Жетісу в этом году в рамках развития туризма планируется создание трех экопарков. Один из них будет создан на территории Талдыкоргана в местности, известной под названием «Черепаша». Напомним, ранее эта гора и расположенные в ее окрестностях петроглифы были внесены в список охраняемых историко-культурных объектов местного значения, - сообщает пресс-служба акима области Жетісу.**

По данным областного управления туризма, в рамках исполнения поручения Главы государства по созданию экопарков в пригородных зонах крупных мегаполисов и областных центров в текущем году в регионе планируется создание трех экопарков в городах Талдыкорган, Текели и Саркан. Общая площадь экопарка «Черепаша» составляет 38 га, еще один будущий экопарк «Черкасай» площадью 21 гектар появится вблизи города Текели. Также статус экопарка получит парк «Койтас» площадью 15 га в Сарканском районе. Все эти три экопарка дадут новый импульс для развития в регионе экологического и культурно-познавательного туризма - отметил руководитель управления туризма области Жетісу Сакен Тукибаев.



## РЕШАЕТСЯ ПРОБЛЕМА АВАРИЙНЫХ МОСТОВ

**В области Жетісу продолжается работа по восстановлению аварийных мостов. На сегодняшний день после капитального ремонта введены в эксплуатацию пять мостов, еще десять объектов находятся на стадии реконструкции. Работы ведутся в рамках исполнения поручения Главы государства, данного в ходе рабочего визита в регион, - сообщает пресс-служба акима области Жетісу.**

«Всего в области Жетісу аварийными были признаны пятнадцать мостов, из которых пять полностью отремонтированы, а сейчас работы ведутся на оставшихся десяти. При этом в текущем году планируется ввести в эксплуатацию восемь из них. Ремонт оставшихся двух мостов будет завершен поэтапно.» - сообщил руководитель управления пассажирского

транспорта и автомобильных дорог области Жетісу Галымжан Дарибаев. Следует отметить, всего в области Жетісу на дорогах местного значения имеется 118 мостов.

Фотографии предоставлены областным управлением пассажирского транспорта и автомобильных дорог

## КОРОТКО ОБО ВСЕМ

### ЗАРАБОТНАЯ ПЛАТА ОТСТАЕТ ОТ ДИНАМИКИ ПРИБЫЛИ БИЗНЕСА

Правительство разрабатывает комплексные меры для повышения доходов казахстанцев, заявил премьер-министр Олжас Бектенов. На расширенном заседании правительства он констатировал, что рост уровня зарплаток граждан не успевает за темпами роста экономики. Сейчас правительство разрабатывает комплексные меры по повышению доходов населения, – сказал глава кабинета министров. Он отметил, что правительство предусматривает финансовые, налоговые и другие стимулирующие меры для повышения зарплат, увеличения числа рабочих мест с достойной оплатой труда, развития профессиональных навыков и квалификации, а также снижения финансовой нагрузки для казахстанцев. Он также сообщил, что основным приоритетом на 2026 год является рост реальных доходов населения. Этому должны помочь меры по созданию новых производств, развитию предпринимательства и открытию постоянных рабочих мест.

(Informburo.kz)

### В КАЗАХСТАНЕ ПРОВЕРЯТ ВСЕ БЮДЖЕТНЫЕ ПРОГРАММЫ

На расширенном заседании Правительства Казахстана президент Касым-Жомарт Токаев отметил, что вопросами энергетики занимаются самоуверенные дилетанты, а также указал на сложную ситуацию в нефтяной отрасли. Теперь такой подход будет рассматриваться как злонамеренное действие против государственных интересов – сказал президент, - передает Ulysmedia.kz

Кроме того, «Правительству и акиматам поручается прекратить финансировать проекты из-за опасений неосвоения бюджета, или, что еще хуже, на основе субъективного, ангажированного выбора. Проще говоря, нужно прекратить сумасбродство», - сказал Токаев. Получать бюджетные деньги должны только проекты, приносящие реальную пользу нашим гражданам и способствующие развитию национальной экономики, уточнил президент. До 1 мая Правительству текущего года поручается провести ревизию бюджетных программ и усовершенствовать механизм отбора проектов, финансируемых за счет государства - сказал президент. Напомним, ранее сообщалось, что ежедневных отчетов о расходах потребовали с акиматов и нацкомпаний.

### НОРМЫ ПОТРЕБЛЕНИЯ ГАЗА УСТАНОВЯТ В КАЖДОМ РЕГИОНЕ КАЗАХСТАНА

В Казахстане установят нормы потребления товарного газа с учётом климатических условий. В регионах не принимают во внимание климатические особенности. «Так, жилой дом площадью 200 м², расположенный в тёплом регионе, потребляет больше газа, чем аналогичный в области с холодным климатом. Однако эта разница не отражается в ценообразовании, что нарушает принцип социальной справедливости и не стимулирует к экономии газа», – сказал Жанбыршин на заседании. В Западно-Казахстанской области предложили установить месячную норму потребления газа в объёме 800 м³, при превышении которой будут применять повышающий коэффициент. Мажилисмен добавил, что аналогичный механизм в системе газоснабжения уже давно внедрило в соседних странах – Азербайджане и Узбекистане. (Источник : Informburo.kz)

### В ТАЛДЫКОРГАНЕ ОСУДИЛИ 21 УЧАСТНИКА ОПГ ЗА НЕЗАКОННУЮ РЕГИСТРАЦИЮ АВТОМОБИЛЕЙ

В Талдыкоргане вынесен приговор участникам организованной преступной группы, занимавшейся незаконной легализацией ввезённых в Казахстан грузовых автомобилей. Ущерб государству превысил 9 миллиардов тенге, сообщает 24kz.

Всего, как установлено в ходе разбирательства, на учёт было незаконно поставлено 1 385 транспортных средств. Общий ущерб государству превысил 9 миллиардов тенге. Как сообщил председатель Специализированного межрайонного суда по уголовным делам области Жетісу Бакыт Ермаханов, ущерб по Карасайскому району составил 5,6 миллиардов тенге, по Сарканскому району области Жетісу - 3,787 миллиарда тенге. По итогам суда подсудимым назначены наказания в виде лишения свободы сроком от 2 до 12 лет. Приговор не вступил в законную силу и может быть обжалован.

### ГРАНТЫ ПО ЗНАЧИМЫМ СОЦИАЛЬНЫМ ПРОЕКТАМ

В 2026 году в области Жетісу планируется реализация ряда значимых социальных проектов в сфере государственной молодежной политики, поддержки семьи и развития гражданской активности. Указанные проекты направлены на повышение потенциала молодежи региона, профилактику актуальных социальных проблем и укрепление социальной стабильности. Проекты будут реализовываться через НАО «Центр поддержки гражданских инициатив». В настоящее время объявлено 10 проектов, из них 2 проекта являются долгосрочными грантами на 2026–2028 годы, 8 проектов – краткосрочные гранты на 2026 год.

Срок приема заявок: по краткосрочным грантам — в течение 15 (пятнадцати) рабочих дней, с 3 по 23 февраля; по долгосрочным грантам — в течение 20 (двадцати) рабочих дней, с 3 февраля по 2 марта. К участию допускаются только неправительственные организации, зарегистрированные в базе данных. Подробнее: Перечень приоритетных направлений государственных грантов для неправительственных организаций на 2026 год

(По данным областного управления общественного развития)

### САМАЯ ЧИСТАЯ ВОДА НА ПЛАНЕТЕ

Самым прозрачным пресноводным озером признано Ротомаиревуна, или Голубое озеро в Национальном парке Нельсон-Лейкс в Новой Зеландии. Исследование показало видимость воды почти на 80 метров, что близко к максимальному пределу для пресной воды. Вода фильтруется через ледниковые отложения и переливается синими и фиолетовыми оттенками. Для местных маори это озеро священо. В морской воде почти такой же прозрачности достигает море Уэдделла в Южном океане, а спутниковые данные показывают, что южная часть Тихого океана имеет одни из самых синих и чистых вод на планете.

(Все материалы взяты из открытых источников)

# ТАРИХ АЙЛАНЫНДАҒЫ

**ӘР ЗАМАННЫҢ ЕЛІНЕ ТАНЫЛҒАН ӨЗ ТҰЛҒАЛАРЫ БАР ЕКЕНІН ЕСКЕРСЕК, ЖЕТІСУДЫҢ АҒЫНДЫ АҚСУЫ БОЙЫНДА ӨМІР СҮРГЕН ҚАЗАҚТЫҢ АТЫ ЕЛГЕ МӘЛІМ АХМЕТ БИДІҢ ЕЛ АРАСЫНДАҒЫ ТАРАҒАН АТЫ "АШЫҚ АЛАҚАН" ЕКЕН. ӨЙТКЕНІ ОЛ КЕЙБІР БАЙ, ДӘУЛЕТТІ АДАМДАР СИЯҚТЫ "АЛАҚАНЫН ҚЫСЫП" ОТЫРМАЙ, КӨМЕК СҰРАҒАНДАРҒА ЖАНАШЫРЛЫҚПЕН ҚАРАП, ЖАҒДАЙЫНА ҚАРАСҚАН ДӘУЛЕТТІ ЖАН ЕКЕН ДЕЙДІ ЕЛГЕ ТАРАҒАН АҒЫЗДАР.**

**СОЛ АХМЕТ АТАНЫҢ ҰРПАҒЫ (ШӨБЕРЕСІ) ЛӘЙЛА СЕЙСЕНБЕКҚЫЗЫ АХМЕТОВАНЫҢ ЕСІМІ ЖАСЫ ҮЛКЕН ҚАУЫМҒА БЕЛГІЛІ БОЛҒАНЫМЕН ТАРИХШЫ ҒАЛЫМДЫ ЖЕТІСУДЫҢ ЖАСҰРПАҒЫМЕН ДЕ ТАНЫСТЫРА КЕТУДІ ҚАРТЫҚТЫҒЫ БОЛМАС. ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ОҚЫП, ОДАН ҰСТАЗДЫҚ ЕТІП, ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІСТЕРГЕ ТОЛЫ ЖЫЛДАРДА ҚЫЗМЕТ САТЫСЫМЕН ПРОРЕКТОРЛЫҚҚА ДЕЙІН КӨТЕРІЛГЕН, ҚАЗІР ДЕ ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТЫҢ ҚАРА ШАҢЫРАҚ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ ОРДАСЫНДА ЕҢБЕК ЕТІП ЖҮРГЕН ЛӘЙЛА СЕЙСЕНБЕКҚЫЗЫ ЕЛУ ЖЫЛДАН АСТАМ УАҚЫТТАН БЕРІ УНИВЕРСИТЕТТІҢ "ЖУРНАЛИСТИКА" ФАКУЛЬТЕТІНДЕ ДӘРІС БЕРІП, ОСЫ МАМАНДЫҚТЫ УАҚЫТҚА БАЙЛАНЫСТЫ ЖЕТІЛДІРУГЕ КҮШ САЛЫП, БІЛІМ БЕРІП КЕЛЕ ЖАТҚАН ҒАЛЫМ. АХМЕТОВАНЫҢ ҒАЛЫМ РЕТІНДЕ ДЕ, ТАРИХШЫ ЗЕРТТЕУШІ РЕТІНДЕГІ СОҒЫС ТУРАЛЫ ЕҢБЕКТЕРІ ҚАЗАҚСТАНҒА ҒАНА ЕМЕС, ЕУРОПА, АҚШ, АФРИКА ЕЛДЕРІНЕ ДЕЙІН ТАРАЛЫП, БАҒАЛАНУДА. СОЛАРДЫҢ БІРІ ДЕ, БІРЕГЕЙІ ДЕ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ КҮНДЕРІН ЗЕРТТЕГЕН ӘЙГІЛІ БРЕСТ ҚАМАЛЫ ТУРАЛЫ КӨП ЖЫЛҒЫ ЕҢБЕГІ ЕДІ.**

## «БРЕСТ 1941, ҚАЗАҚСТАН»

Осы кітап қолыма тигенде қызыға оқып шығып, Кеңес одағы кезіндегі ҰОС-ы туралы СОКП-ның берген тарихи деректерінен ғана білетін оқырман үшін ентелеген фашистердің қамалды алуудағы жанталасы, Брестті

ізденістері, қираған қамал үйінділері арасынан дәлелдер мен дәйектерді, архивтердегі құжаттарды ақтарып саралап, сараптап, салыстырып отырып есімдері ұмыт болған қаншама жауынгерлерді тауып, олардың ерліктерін паш ету, «хабарсыз кетті» деген жауынгерлердің

қазақстандық жауынгерлер саны 29 ғана деп көрсетілуші еді. Қазір Ләйланың зерттеулері анықтаған Брестті қорғаған қазақстандық жауынгерлер саны өлгені бар, тұтқындалғаны бар - 701 жетіп отыр. Бәрінің аты-жөні тарихтан орын алды, өшпеді. Бұл керемет еңбек! Басқасын айтпағанда




Дәуренбеков сержант, әскерге Алматыдан 1939 жылы шақырылған жоғары білімді, орысша-қазақша бірдей сауатты сөйлейтін, жазатын, екі баласы мен әйелі бар азамат болған. Әскерде жүріп партия қатарына қабылданады. Үш жылдан кейін мерзімі аяқталып үйге қайтатын кезде соғыс басталып кетеді. Әйеліне 1941 жылдың желтоқсанында «хабарсыз кетті» деген қағаз келеді. Өзім сияқты іздеушілер көмегімен бірнеше жылдың нәтижесінде Матқали Дәуренбековтың әскери газетке жазған 45 мақаласын таптым.

дивизиясы туралы ізденістерінен құралған баяндамасын тыңдау кезінде қатты әсер алғанын, содан кейін баяндамашымен танысқанын еске түсіріп, баяндамаға өте жоғары баға береді.

- Сіздер білесіздер ме? - дейді

**Майданға қатысқан қазақстандықтардың есімдерін іздеу, зерттеуде Ләйләдан "осы кімге керек?" - деп сұрайтындарға: - Бұл маған керек! - дейді екен. Сөйте тұра оның ішкі түйсігі - "мен сияқты зерттеушілер көп" - деп тұрады.**



қорғаған совет жауынгерлерінің жанқиярлық ерлігі, сол сұрапыл шайқасқа қатысқан Қазақстандық жауынгерлерді іздеп, тауып, қандай жағдайда, қамалдың қай жерінде көз жұмғанына дейін анықтау үшін бірнеше жыл Брестке келіп, архивтерден іздегені, керемет таңқаларлық фактілерді тауып жазған Ләйлә Сейсенбекқызына деген ризашылық сезімдерім шексіз.

Менің ойымша, соғыс тақырыбын зерттеуге ғалымдар, тарихшылар ішінде ер адамдар көбірек ізденетін сияқты. Әйтеуір маған солай көрінетін. Ал Ләйланың зерттеулері мен

есімдерін тарихқа қайтару - әркімнің қолынан келе бермейтін іс. Брест жауынгерлері Отанын қорғаса, Ләйла неміс-фашистерімен өткен соғыста жауынгерлердің аруағын қорғап, есімдерін елге қайтарды.

Осы орайда айта кетейін дегенім, Кеңес одағы кезінде біздің санамызға сіңдірген сол

**Қазір 120 шақты кітабі басылып шықты. Жылына 2-3 кітап жазып бітіре алады. 300 беттік кітаптарды бір сағатта оқып шығады. Айына БАҚ өкілдеріне 7-ден кем емес сұхбат беріп тұрады.**

кездегі соғыс деректері бойынша Брестте жаумен соғысқан

Талдықорған өңірінен Брестті қорғаған жауынгерлердің саны 70-ке тарта. Бәрінің аты-жөні толықтай белгілі. Біз олардың есімдерін Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай газетімізде жарияладық.

## ӘСКЕРИ ТІЛШІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МАТҚАЛИ ДӘУРЕНБАЕВ

Ләйлә Ахметованың оқу-әдістемелік «Соғыс журналистикасы 1940-41 жылдары» деген еңбегінде сол кезде Брест қамалындағы жауынгерлердің өмірін, ерлігін баспасөзге («Часовой Родины» газетіне) жариялап жүрген, жариялауға дайындала жүрген қазақ әскери тілші Матқали Дәуренбеков туралы жазады. «Прикаспийская коммуна» газетінің тілшісі Надежда Шильманмен сұхбатында Ләйлә былайша әңгімелейді:

- Менің кейіпкерім Матқали

Әскери тілшінің дайындаған материалдары әлі де соғыс туралы деректердің толық зерттелмегенін байқатады. Ғалым Ләйлә Ахметова әскери тілшінің еңбектерін бүгінгі болашақ журналистерге таныстыру арқылы соғыс тілшілерінің ерекше жағдайдағы қызметін талдайды. Соғыс кезіндегі әскерилерге қойылатын талаптар, ату алаңдарындағы мөргендікті жетілдіру, тыңшылардың жеткізген ақпараттары туралы жазылған соғыс тілшілерінің материалдары арқылы соғыс майданындағы шайқастар нені байқататынын зерделеп зерттеуді үйретеді.

Брест туралы кітапта әскери тілші Матқали туралы да жазылған еді. «Кейін Матқалидың туыстары менімен байланысқа шығып, Брест туралы кітапты қайдан алуға болатынын сұрағаннан кейін мен оларға кітабымды сыйға тарттым. Кейін олар өздерінің «Қара шаңырақ» деп аталған Матқалидың ұрпақтары жазылған кітаптарын шығарған», - дейді Ләйлә Сейсенбекқызы тілшіге берген сұхбатында. Кейін бұл әдістемелік материал толық кітап болып шықты.

**Ләйла Ахметованың өмірлік үш қағидасы: Ар тазалығы; Білікті маман болу; Отаныңды сүю!**

## ТАРИХ МАЙДАНЫНДАҒЫ ТЫНЫМСЫЗ ЕҢБЕК

Ресейдің ардагер-шекаранысы, новосибирсклік Ефемарко Андрей Викторовичтың естелігінде ол Ләйла Сейсенбекқызымен Новосибирск қаласында Ләйланың Панфилов

әңгімесінде Ефименко, - оның баяндамасынан Ләйлә тарих майданында тынымсыз еңбек ететін жан екенін байқадым. Оның архивтерді ақтарған материалдарын есептесек - олардың саны есепсіз деуге болады. Ең негізгілеріне тоқталсақ, олар - Ресей Қорғаныс министрлігінің Орталық архиві, Ресей мемлекеттік әскери-тарихи архиві, Ресей мемлекеттік әдебиет және өнер архиві, Ресей мемлекеттік тарихи-әлеуметтік архиві, басқасын қойғанда Ресей мен қатар Беларусь, Қазақстан және Қырғызстан, Германия, Польша, Чехия архивтерін айтуға болады. Осының бәрін өткен адам ғана Ләйлә Сейсенбекқызының еңбегінің, ізденістерінің бағасын біліп, оның еңбегін бағалай алады. Ізденіс қана емес, бұл еңбектің баға жетпес құны да қаржылай шығындардан тұрады десек, ол да Ләйланың жеке қаржысы екені түсінікті. Ал техникалық жағына келсек, архивтік материалдардың көшірмесін алудың өзі де, суретін түсіру - қолдағы заманауи жабдықтарды пайдалана алуды талап ететін белгілі. Ләйлә болса соның бәрін меңгерген және игерген тарихшы, ізденгіш ғалым.

Ләйланың Брест туралы жинақтаған материалдары болмағанда Ростислав Алиевтың «Брест. Июнь. Крепость» сияқты үштомдығы, сол сияқты Юрий Фоминнің Брест қамалы туралы интернет-жарияланымдары, жалпы осы тақырып төңірегіндегі ізденген адамдар өзіне керекті деректерді Ләйлә Сейсенбекқызының материалдарынан алатыны - Ләйлә зерттеген зерттеулердің құндылығының дәлелі десек те

# ІЗДЕНІСТЕР

болады. Сондықтан мен Ләйләнің осы еңбектері үшін оның алдында бас иемін! Өйткені Брест қамалын қорғау тақырыбын жете зерттеген Ләйлә Сәрсенбекқызының ізденістері ең алғашқы және толыққанды ғылыми дәлелденген зерттеулер болды.

700 қазақстандық жауынгердің есімін (бұл бір полктың саны) елге қайтарған Ләйләнің еңбегі - ерлікке татиды. Брест жауынгерлері қамалды қалай қорғаса, олардың ерлік рухы Ләйлә Сәрсенбекқызына қонғандай әсердемін - дейді Ефименко Андрей Викторович.

## СЕГІЗ ҚЫРЛЫ, БІР СЫРЛЫ ҒАЛЫМ

Әдетте қазақта бұл теңеуді ер адамдарға байланысты қолданатыны белгілі. Ал Ләйләнің бойындағы қасиеттерді електен өткізген әріптестері оның жан-жақты адам екеніне байланысты осы теңеуді қолданғанда қателеспейтініне сенімді екенін байқаймыз.

- Ләйлә - зерттеуші-ғалым, педагог, журналист, өз пікірін ашық айта алатын азамат, 100-ден аса кітаптың авторы, монографиялар мен оқу-әдістемелік оқулықтар, 1000-нан астам ғылыми-публицистикалық мақалалар авторы. Оның Ұлы Отан соғысы жауынгерлерін іздеудегі еңбегі айтарлықтай. Соғыста «хабарсыз кетті» деген Брест жауынгерлерінің есімдерімен қатар басқа да атын әйгілеген хабарсыз кеткен жауынгерлердің жалпы саны 15 мың адамға жеткені туралы деректерді КБТУ профессоры



себепші болған. Қазіргі таңда Ләйлә Сейсенбекқызы Қазақстанның белгілі тарихшысы, академик және қоғам қайраткері, «Қазақстан тарихы», «Имиджология», «Конфликтология», «Қоғаммен байланыс», «Журналистика», гендер, кәсіподақтар және сайлаулар туралы 700-ден астам мақалалар

ғалым Ләйлә Сейсенбекқызы құрған «Отанға сый» (Подарок Родине) атты Ұлы Отан соғысы туралы жобаға екінші жыл қатысып, неміс басқыншыларымен өткен соғыс майданындағы Жетісулық жауынгерлер есімінің ескірмейтінін жазып отырғанымызды мақтан етеміз. Жобадағы биылғы



Әбдіхалықов Қайыржанның Ләйлә Сейсенбекқызы туралы жазған мақаласынан оқуға болады (366 бет).

Ғалым, зерттеуші, тарихшы Ләйлә Сейсенбекқызының сөз қорында «мүмкін емес!» деген сөз жоқ! - дейді әріптесі, философия ғылымдарының кандидаты, доцент Құрманбаева Алмагүл. Автордың айтуынша, Ләйлә соғыста қайтыс болған жауынгерлер туралы мәліметті 5-ші сыныптан бастап жинаған. Мектепте ардагерлерге арнап мұражай ашуға

мен брошюралардың авторы.

Әріптестерінің айтуынша, Ләйлә ғажап адам. Жүрегінің жарығымен басқаларға сәулесін таратып жүретін қасиеті және бар. Оның адамгершіліктегі тазалығы үлгілі отбасынан алған тәрбиесі екенін көрсетіп тұрады - дейді айналасында жүргендер. Қазір де жасы зейнеттің біразына келсе де оның ғылымға қосары әлі де бар екеніне әріптестері кәміл сенімді. Өйткені оның қолындағы зерттеулерінің бәрі түгелдей жарық көріп үлгерген жоқ.

«Алатау» газеті де зерттеуші

тақырыбымыз «Ұлы Отан соғысындағы әскери тілшілер және штаттан тыс тілшілер арасында ҰОС-на арналған байқау өткізу.

**П.С. Ақпанның 12-ші жұлдызында дүниеге келіп, жасына жас қосылып жатқан ғалымға біз де тарихқа қосар үлесінің мол болып, шығармашылық пен жас журналистерді тәрбиелеу жолында биіктерге жете беруіне тілектестігімізді білдіреміз.**

**Баян ТАҢАТАРОВА**

## ОҚЫРМАН ХАТЫ

# АБАЙ, СТИВ ДЖОБС ЖӘНЕ ЖАПОҢДЫҚТАР

25-тен асқан асқан шағымда қолыма Абайдың қара сөздерін алып, оқып көрмек болдым. 1-ші қара сөзі, екінші, үшінші ...ары қарай ақылдымып рет-ретімен оқып жатырмын. О, тоба, бір нәрсе түсінсемші! Түсінбегенім былай тұрсын, ұлы хакімге өкпелеп қалдым «қазақты жамандай бергені несі?» - деп. (Ұят-ай!)



Бірде қызметтес орыс әйел: - Ты Абая читала? - деп сұрады.

- Нет не читала, мне его произведения не нравятся - дедім.

Ең сорақысы - менің ең сүйікті әндерімнің бірі Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» әні болатын...

Жылдар жылжып, жасыма жас қосылып, енді қазір елуді еңсердім. Жаңа ғасыр да басталып кетті. Уақыт ағымына қарай алға жылжулар қарқынды жүріп жатыр. Интернет, ұялы телефон дегендер тұрмысымызға мықтап еніп, онсыз өмірде өзімізді саңыраудай сезінетін болдық.

Бірде сол телефонды ақтарып отырып абайтанушы Омар Жәлел ғалымның интервьюін көзім шалып қалды. Ұлы Абайдың қара сөздерін шемішкедей шағып, тарқатып отырды. Бейне бір тілмаш секілді. Бәрі түсінікті, Абайдың қара сөздері миға қонып жатты.

Эврика! Мен мийым жетпеген аудармашымды таптым! Менің жас кезімде неге интернет болмады екен - деп өкінгенімнен жылап жібердім. Стив Джобс, сенің ақпараттық технологияларың өмірге ертерек келгенде ғой, бұл өмірде Абайды жете түсініп, талай қателіктерді жасамас едім ғой!

Бір ғасыр бұрын қазақтың бұзыла бастағанын көрген ұлы ойшыл, данышпан Абай атамыз қазаққа жаны ашығандықтан ащы шындықты қолына қаламын алып ақ қағазға түсірген

екен ғой! Ата, кешірші мен секілді ұрпағыңды!

Заман өзгеріп, уақыт жылжып жатса да өз дәстүрлерін қадірлеп, сары майдай сақтап, болмыстарын өзгертпей келе жатқан ұлттарға бас иесің.

Мені ерекше таңдандыратын ұлт - жапондықтар. Олардың ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып келе жатқан, сондай ыждағаттылықпен жасалған ағаш бұйымдарын жалықпай қызықтайсың, шеберліктеріне тәнті боласың, атадан балаға жалғасып келе жатқан қатал Кодексті ұстанатын самурайларының өзі бөлек әңгіме.



Неге біз сонша өзгердік? Уәде - Алланың 99 есімінің бірі дейтін қазақ осы күні «уәде» сөзінің мағынасын да түсінбейтін секілді. Уәде беріп, ертеңіне тайқып шыға келу түк емес болып қалды-ау!

Пара беріп жұмысқа тұру, пара алу, қалтасы қалыңдарға жағымпаздану, ол жақын тартса - бақытты болу, сужүрек болып шындықты айтудан жалтару, алдау-арбау, ұнамаған жуақтауды түтіп жеу, ата-ана сөзін құлағына да қыстырмау - қазіргі қазақ үшін шырты түкіре салумен тең-ау, өкінішке орай... Осындай сорақылықтарды көрсе ұлы Абай еңкілдеп жылар ма еді, - деген ой келді маған.

Жастар, болашақ сендерде! Басқа түскен қиындығыңа кінәні үкіметке, сылтау іздеп анаған-мынаған арта бермей, адамдық армен өмір сүруді, адал болуды әр адам өзінен бастаса, өз ішкі дүниесін реттеуден бастаса, ұлы данышпандарымыз Абай, Шәкәрім айтқандай - Адам болса, адамның да, қоғамның да дамуы биіктер түсер ме еді!..

**Манар Білімпаз,**

**Талдықорған қаласының тұрғыны**



## Дүйсенбі - Понедельник, 16 ақпан

### ХАБАР

16.00 Новости/прямой эфир  
16.20 «ДАРА LINE»  
17.00 «Жетісу жақұты»  
17.30 «Әсем әуен»  
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир  
18.40 «Әсем әуен»  
19.30 «Фибрат»  
20.00 Д/ф «Travel Kazakhstan»  
20.30 Қорытынды жаңалықтар  
21.00 Д/ф «Апорт»  
21.15 «Әсем әуен»  
21.30 Итоговые новости  
22.00 К/ф «Көрінбейтін көмекші»  
22.40 «Әсем әуен»

### 31 КАНАЛ

06.00, 04.00 «Әзіл студио» ойын-сауық  
06.30 «Ризамын» ойын-сауық  
07.00, 02.40 «Time Vine» ойын-сауық  
07.30, 01.40 «31 әзіл» ойын-сауық  
09.30 Саумал  
09.50, 03.00 «TikTok show» ойын-сауық  
10.00 Мультсериал «Губка Боб»  
10.40 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»  
11.40 Мультсериал «Кунг-фу Панда»  
12.10 Худ. фильм  
15.00 Худ. фильм «Солт»  
17.10 Худ. фильм «Легенда зорро»  
20.00 Информбюро (рус., каз.)  
21.00 Худ. фильм «Годзилла»  
23.50 «Бозторғай» телехикаясы  
03.20, 05.00 «What's up?» ойын-сауық  
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық  
04.30 Телевикторина «Bala battle»  
05.20 «Ризамын» ойын-сауық

### 7 КАНАЛ

06.02 Алдараспан  
07.00, 22.40 Телехикая «Үзілген жапырақтар»  
07.50 «Зың-зың Күлпеш». Бағдарлама  
08.50, 18.30 Сериал «Великолепный век. Хюррем»  
11.00, 21.00 Сериал «Ветреный»  
12.50 Мультсериал «Ну, погоди!»  
13.00 Жаңалықтар  
13.15 Новости  
13.30 Q елі. Бағдарлама  
14.00 «История игрушек-2»  
16.00 Художественный фильм  
18.00 Жаңалықтар  
19.30 Новости  
20.00 Сериал «Черная любовь»  
00.00 Телехикая «Ақ пен қара»  
00.50 Телехикая «тек қана кыздар»  
01.40 Жаңалықтар  
02.10 Новости  
02.40 Әйгерім Сейфолланың Сырласуы  
03.30 Жарқыраған жұлдыз  
04.20 Қызықты weekend  
05.10 Телехикая «Өсекшілер»

### КТК

07.05 «Әнім сен едің», ойын-сауық  
07.30 «Өкінбе сен»  
10.30 Худ. Фильм «Я делаю шаг»  
12.40 Сериал «Тайны»  
16.40 Сериал «Джамайка»  
18.30 Сериал «Однажды в чукурова» кешкі жаңалықтар  
20.35 21.00 Вечерние новости  
21.40 Сериал «Лабиринты»  
23.30 Сериал «Морские дьяволы. Вектор атаки»  
01.20 Сериал «Джамайка»  
02.50 «Өкінбе сен»  
05.50 «Әнім сен едің», ойын-сауық  
06.10 Кешкі жаңалықтар

### ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»  
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/  
08.50 «Әсем әуен»  
10.00 «Угәғәй melody»  
11.00 «Бір шәугім шай»  
11.30 Д/ф «Travel Kazakhstan»  
12.05 «Әсем әуен»  
13.05 «Единый народ»  
13.35 «Әсем әуен»  
14.30 «Арнайы репортаж»  
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир  
15.20 «Шашу»

## Сейсенбі - Вторник, 17 ақпан

### ХАБАР

05.00 Сериал «Восточные сладости»  
07.00 «Оян!»  
09.00 Жер-жаһан  
09.10 «Хақың бар»  
09.30, 20.10 Телехикая «Шырмалған тағдыр»  
11.30 «Ғашық жүрек»  
13.30 «Өзекті»  
14.00 «Әлеумет»  
14.20 Пульс планеты  
14.30 Сериал «Моя прекрасная жизнь»  
16.30 Сериал «Стажер»  
18.20 Қысқы Олимпиада ойындары.  
22.00 Кино. «Бітпейтін той»  
23.25 Қысқы Олимпиада ойындары.  
01.00 Қысқы Олимпиада ойындары.

### ЕВРАЗИЯ

06.00 «Паутина»  
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»  
08.30 «Доброе утро, Казахстан»  
10.00 «Жить здорово!»  
10.50 «Модный приговор»  
11.50 «Давай поженимся!»  
12.45 Сериал «Запретная любовь»  
14.00 «Жаңалықтар»  
14.15 «Новости»  
18.30 «Басты жаңалықтар»  
19.00 «Koremix-шоу»  
14.30 «Qoslike»  
20.00 «Главные новости»  
20.30 Сериал «Невский»  
00.30 «Главные новости»  
01.00 Сериал «Берлинская жара»

### КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)  
07.25 «Әнім сен едің», ойын-сауық  
07.40 «Өкінбе сен»  
09.30 Вечерние новости  
10.10 Сериал «Морские дьяволы. Вектор атаки»  
12.10 Сериал «Лабиринты»  
14.00 Сериал «Тайны»  
16.40 Сериал «Джамайка»  
18.30 Сериал «Однажды в Чукурова»  
20.35 Кешкі жаңалықтар  
21.00 Вечерние новости  
21.40 Сериал «Лабиринты»  
23.30 Сериал «Морские дьяволы. Вектор атаки»  
01.20 Сериал «Джамайка»  
02.50 «Өкінбе сен»  
05.50 «Әнім сен едің», ойын-сауық (қайталау)  
06.10 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

### ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»  
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/  
08.50 «Әсем әуен»  
09.00 Жаңалықтар  
09.30 Новости  
10.00 «Әсем әуен»  
10.30 К/ф «Соңғы кездесу»  
11.05 «Әсем әуен»  
11.45 Д/ф «Доступ есть?»  
12.00 «Аман болайық» /тікелей эфир/  
12.40 «Әсем әуен»  
13.05 «19 аймақ»  
13.40 «Әсем әуен»

14.30 «Фибрат»  
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир  
15.20 «Әсем әуен»  
16.00 Новости/прямой эфир  
16.20 К/ф «Көрінбейтін көмекші»  
17.00 «Ұлт ұяты»  
18.00 «19 регион» /тікелей эфир  
18.40 «Әсем әуен»  
19.30 «Ауылдан адам көшкенмен...»  
19.45 «Әсем әуен»  
20.15 Д/ф «Доступ есть?»  
20.30 Қорытынды жаңалықтар  
21.00 Д/ф «Мәңгілік достық»  
21.30 Итоговые новости  
22.00 К/ф «Өзгеремін»  
22.40 «Әсем әуен»  
23.15 «Әу» де

### 31 КАНАЛ

06.00, 04.00 «Әзіл студио» ойын-сауық  
06.30 «Ризамын» ойын-сауық  
07.10, 20.00 Информбюро (рус., каз.)  
08.00, 01.00 «31 әзіл» ойын-сауық  
09.30 Саумал  
09.50, 03.00 «Tik Tok show» ойын-сауық  
10.00 Мультсериал «Губка Боб»  
10.30 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»  
11.20 Мультсериал «Кунг-фу Панда»  
11.50 Худ. фильм «Алита: боевой ангел»  
14.40 Худ. фильм «Астерикс и Обеликс»  
21.00 Худ. фильм  
23.00 «Бозторғай» телехикаясы  
02.40 «Time Vine» ойын-сауық  
03.20, 05.00 «What's up?» ойын-сауық  
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық  
04.30 Телевикторина «Bala battle»  
05.20 «Ризамын» ойын-сауық

### 7 КАНАЛ

06.02, 00.50 Жаңалықтар  
06.30, 01.15 Новости  
07.00, 21.50 Телехикая «Үзілген жапырақтар»  
08.30 «Зың-зың Күлпеш». Бағдарлама  
09.20, 12.50, 17.00 Мультсериал «Ну, погоди!»  
10.00, 17.40 Сериал «Великолепный век. Хюррем»  
11.00, 20.10 Сериал «Ветреный»  
13.00 Жаңалықтар  
13.15 Новости  
13.30 «Маска». Шоу  
15.30, 23.10 Телехикая «Ақ пен қара»  
16.30 Q елі. Бағдарлама  
17.10 Жаңалықтар  
18.40 Новости  
19.10 Сериал «Черная любовь»  
00.00 Телехикая «Тек қана кыздар»  
01.40 Әйгерім Сейфолланың Сырласуы  
02.30 Жарқыраған жұлдыз  
03.20 Қызықты weekend  
04.10 Телехикая «Өсекшілер»

## Сәрсенбі - Среда, 18 ақпан

### ХАБАР

05.00 Сериал «Восточные сладости»  
07.00 «Оян!»  
09.00 Жер-жаһан  
09.10 «Неосана»  
09.30, 19.30 Телехикая «Шырмалған тағдыр»  
11.30 Кино «Бітпейтін той»  
13.00 Әсем әндер  
13.35 Қысқы Олимпиада ойындары.  
15.05 «Неосеть»  
15.25 Пульс планеты  
15.35 Қысқы Олимпиада ойындары.  
17.00, 00.45 Сериал «Стажер»  
19.00 Новости  
21.30 Жаңалықтар  
22.05 2026 жылғы Қысқы Олимпиада ойындары

### ЕВРАЗИЯ

06.00 «Паутина»  
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»  
08.30 «Доброе утро, Казахстан»  
10.00 «Жить здорово!»  
10.50 «Модный приговор»  
11.50 «Давай поженимся!»  
12.45 Сериал «Запретная любовь»  
14.00 «Жаңалықтар»  
14.15 «Новости»  
14.30 «Qoslike»  
18.30 «Басты жаңалықтар»  
19.00 «Koremix-шоу»

### КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)  
07.25 «Әнім сен едің», ойын-сауық  
07.35 «Өкінбе сен»  
09.30 Вечерние новости  
10.10 Сериал «Морские дьяволы. вектор атаки»  
12.10 Сериал «Лабиринты»  
14.00 Сериал «Тайны»  
16.40 Сериал «Джамайка»  
18.30 Сериал «Однажды в чукурова»  
20.35 Кешкі жаңалықтар  
21.00 Вечерние новости  
21.40 Сериал «Лабиринты»  
23.30 Сериал «Морские дьяволы. вектор атаки»  
01.20 Сериал «Джамайка»  
02.40 «Өкінбе сен»  
05.40 «Әнім сен едің», ойын-сауық (қайталау)  
06.10 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

### ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»  
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/  
08.50 «Әсем әуен»  
09.00 Жаңалықтар  
09.30 Новости  
10.00 «Әсем әуен»  
10.30 К/ф «Біздің апай - ханшайым»  
11.05 «Әсем әуен»  
11.40 Д/ф «Жайлы мектеп»  
12.05 «Біздің толқын» /тікелей эфир/  
12.50 «Әсем әуен»  
13.05 «19 регион»  
13.40 «Қылышсыз майдан»

### 31 КАНАЛ

06.00, 04.00 «Әзіл студио» ойын-сауық  
06.30 «Ризамын» ойын-сауық  
06.50, 20.00 Информбюро(рус., каз.)  
08.00, 01.00 «31 әзіл»  
09.30 Саумал  
09.50, 03.00 «TikTok show» ойын-сауық  
10.00 Мультсериал «Губка Боб»  
10.30 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»  
11.20 Мультсериал «Кунг-фу Панда»  
12.10 Худ. фильм «Легенда зорро»  
15.10 «Астерикс И Обеликс Против Цезаря»  
17.50 «Астерикс И Обеликс: Миссия Клеопатра»  
21.00 «Последний охотник на ведьм»  
23.00 «БОЗТОРҒАЙ» телехикаясы  
02.40 «Time Vine» ойын-сауық  
03.20, 05.00 «What's up?» ойын-сауық  
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық  
04.30 Телевикторина «Bala battle»  
05.20 «Ризамын» ойын-сауық

### 7 КАНАЛ

06.02, 01.40 Жаңалықтар  
06.30, 02.10 Новости  
07.00, 22.40 Телехикая «Үзілген жапырақтар»  
08.30 «Зың-зың Күлпеш». 09.10, 12.50, 17.00 Мультсериал «Ну, погоди!»  
10.00, 18.30 Сериал «Великолепный век. хюррем»  
11.00, 21.00 Сериал «Ветреный»  
13.00 Жаңалықтар  
13.15 Новости  
13.30 «Маска». Шоу  
15.30, 00.00 Телехикая «Ақ пен қара»  
16.30 Q елі. Бағдарлама  
18.00 Жаңалықтар  
19.30 Новости  
20.00 Сериал «Черная любовь»  
00.50 Телехикая «Тек қана кыздар»  
02.40 Әйгерім Сейфолланың Сырласуы  
03.40 Жарқыраған жұлдыз  
04.30 Қызықты weekend  
05.10 Телехикая «Өсекшілер»

# СЕКСЕННІҢ СЕНГІРІНДЕГІ СЕРГЕК ЖАН

**АДАМ ЖАС УАҚЫТТА ҚАНША ЖАСТА ЕКЕНІН «ЖАСПЫЗ ҒОЙ ӘЛІ» ДЕГЕН СӨЗБЕН БАҒАМДАЙДЫ. ЗЫМЫРАП ӨТКЕН УАҚЫТТЫҢ БЕДЕРІНДЕ ӨР ТҮРЛІ ҒҰМЫРЛЫҚ ӨЛШЕМ БАР. СӨЙТІП ЖҮРГЕНДЕ БІР КҮНДЕРІ «ЖАСТЫҚТЫҢ» АУЫЛЫ АЛЫСТАП, ӨР ОНДЫҚТАН ӨТКЕН САЙЫН АДАМ САНАСЫ КЕМЕЛДЕ-НЕ БЕРЕТІН, ЕҢБЕКПЕН, ЕЛГЕ ЖАСАҒАН ҚЫЗМЕТІММЕН, ЕЛ АРАСЫНДАҒЫ ҚҰРМЕТПЕН АЙШЫҚТАЛАТЫН «ӨМІР» ДЕГЕН АСУДЫҢ ТАҒЫ БІР БЕЛЕСІНЕ КЕЛЕСІҢ... СОЛ БЕЛЕСТІҢ БІРІ СЕКСЕН ЖАСҚА ЖЕТУ – СОЛ ӨМІР ДЕГЕН САПАРДЫҢ БИІК БІР АСУЫ БОЛСА, СОЛ АСУҒА ӨРКІМ ШЫҒА БЕРМЕЙДІ. АЛ ШЫҚҚАН ЖАННЫҢ АРТЫНДА АБЫРОЙЛЫ ӨМІР ЖОЛДАРЫ, АЛДЫНДА ІЗГІЛІКТІ НИЕТІ ТҰРАДЫ.**

**ОСЫНДАЙ ӨНЕГЕЛІ ӨМІР ИЕСІНІҢ БІРІ, ЕКІ ДӘУІРДІҢ КУӘСІ, ТУҒАН ЖЕРІНІҢ ӨРКЕНДЕУІНЕ САНАЛЫ ҒҰМЫРЫН АРНАҒАН АЗАМАТ – САЙЛАУ БӘЗІЛОВ. КЕҢЕСТІКЖҮЙЕНІҢ ҚАТАҢ ТӨРТБІНДЕ, ТӘУЕЛСІЗДІК ТИҒАЛҒАШҚЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ӨТПЕЛІКЕЗЕҢНІҢ АУЫРТПАЛЫҒЫНДА БАСТАҢ ӨТКЕРГЕН АЗАМАТ. ОЛ – УАҚЫТ СЫНАҒЫН МОЙЫМАЙ КӨТЕРГЕН, ҚИЫН ТҰСТАРДАН АДАСПАЙ ӨТКЕН ЖАН. ЕЛДІҢ ІШІНДЕ, ХАЛЫҚТЫҢ ОРТАСЫНДА ЖҮРІП, ӨЗ ЗАМАНЫНА ЛАЙЫҚ ҚЫЗМЕТ АТҚАРҒАН АБЫРОЙЛЫ АЗАМАТ.**

## АУЫЛДАҒЫ САЛТАНАТТЫ ЖИЫН

Жетісу облысы Көксу ауданының ардагерлер кеңесінің төрағасы Сайлаубай Бәзілұлы Базилловке ел-жұрты өте жоғары сый құрметпен қарайды. Сайлаубай Бәзілұлын ел-жұрттың көбісі Сайлау аға деп араласады. Осы ауданның Шаған тауының баурайындағы Қаблоса ауылында дүниеге келген ағамыз жоғары білімді мұғалім, ұстаздық қызметтен мектеп директорына дейін, ауылдық Кеңестің төрағасы, аудандық әкімдікте аппарат бөлімінің басшысы қызметтерін атқарып, ауданның ыстық-суығын елмен бірге көрді. Өз ұлының мерейжасын ескерген

өтіп жатыр. Сіздің байқауыңызша, таразылап айтқанда, қай қоғамдағы қарапайым халық жағдайы тәуір болып тұр? Халықтың тұрмысы бұрынғыға қарағанда жақсы жаққа қарай өзгерді – деп ашық айта аласыз ба?

- Заман өзгерді. Өткен қоғамға өкпеміз жоқ – тегін білім алдық, дәрігерге тегін қаралдық. Соғыстан кейінгі ауыртпашылықты халықпен бірге көтердік. Өткен қоғамда қызмет жасадық, ұрпақ өсірдік. Жалпы, халықтың жағдайы соғыстан кейін оңалды, қарындары тоқ, киімдері бүтінделді. Сондықтан өткен қоғам туралы пікірім оң.

Қазіргі қоғамда да халықтың жағдайы жаман емес. Өр отбасында 2,3 көліктері бар, киімдері бүтін, тіпті қазір киімді ешкім тозғанша кимейді. Қалада кейбір отбасылары кешкі тамақты үйде дайындамайды, арнайы орындарға тапсырыс беріп алдырады. Көпшіліктің баспанасы бар. Заман орнында тұрмайды – өзгеріп тұрады. Қазір өткен қоғамда болмаған жоғары оқу орындарында оқу – ақылы болды. Бұл әрине көпбалалы, табысы орташа отбасыларға ауырлау тиеді. Бірақ одан құтылатын бір жол бар – ол тек жақсы оқу керек. Сонда мемлекеттік грантпен тегін оқиды. Сондай

орташа табысты отбасынан шығып, жақсы оқығанның арқасында жоғары көтеріліп президент аппаратында қызмет жасап жүрген біраз азаматтар бар. Әлеуметтік желіден - Ойбай! Халықтың жағдайы нашарлап барады! - деп айтып жүргендер бар. Оны айтып жатқан жалпы халық емес, біраздаған топ... Қоғамның дамуына қарсы әрекет жасаушылар. Президенттік қызметке Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев келгелі бері халыққа әлеуметтік көмектер түрі көбейді. Тұрмысы төмен отбасыларға, мүгедектерге көмек берілуде. Мектептегі бастауыш сынып оқушыларына түгелдей және тұрмысы төмен отбасы балаларына тегін тамақ және киім-кешек берілуде. Сондықтан бұл қоғамды да жамандай алмаймын.

**- Мемлекеттік қызметте жүріп, белгілі бір тапсырмалардың шешімін таппай қиналған сәттеріңіз болды ма? Қызметтілік бағыныштылық деген бар ғой, дұрыс болмаса да «бастық айтты – бітті» - деген. Сондай жағдайда бағыну позициясын ұстанасыз ба, әлде «өлі де талдау керек» - деген пікіріңізді ашық жеткізе аласыз ба?**

- Мемлекеттік қызметте жүріп өзіңнің жеке ой-пікірің болмаса аудан әкімі бізді сөн үшін ұстамайды. Мен өзім бұрыннан жеке ой пікірімді ашық ортаға салып үйренгенмін. Қай өкім болса да дұрыс ісін құптап, көңілге томплақтау жерінде өз ойымды айтып, ақылдаса жүріп іс атқардық.

Кезінде бір аудан әкімі мен оның орынбасары аудан әкімдігіне сайлауға түсті. Арадағы азаматтар келіп сіз орынбасарды қолдаңыз деп маған үгіт айтты. Мен әрине, олардың уәжіне көнбедім. Бірге жұмыс жасап отырған аудан әкіміне астыртын қарсы әрекет ету, яғни, сатқындық жасау - менің бұрыннан болмысымда жоқ нәрсе. Ол адамгершілікке жат қылық. Бірақ орынбасар көп дауыс алып, ауданға өкім болып сайлана отырып, менің сол кездегі позициямды бағалады әрі бірге жұмыс жасауға ұсыныс тастады. Осындай адалдық пен әділдікті

ұстай отырып 8 әкіммен қызметтес болдым.

**- Атқарып отырған қазіргі қызметіңіз – аудандық ардагерлер қоғамдық ұйымның жұмысындағы басты мақсаттар туралы қысқаша айтып кетсеңіз? Кейбіреулер «ақсақалдар алқасы тек әкімнің төңірегіндегі шараларда ғана жүреді» деп сынап жатады. Оған не дейсіз?**

- Мен зейнеткерлікте жүрген кезімде аудан әкімі шақырып, ауданда көп жыл басшылық қызмет атқардыңыз, енді аудандық ардагер ақсақалдар кеңесіне төрағалық қызметті жасаңызшы - деп сұрады. Мен аудан әкіміне өзімнің бұл істегі жеке көзқарасымды білдірдім. Яғни, тек ардагерлермен жиналыстар ғана өткізіп, аудан әкімінің нұсқауын ғана орындап отырмай, ақсақалдар мен әжелерге рухани жағдай жасау, олардың да ортақ пікіріне ден қою сияқты, олардың әлеуетін көтеру жұмыстарын атқаруға мүмкіндік беріп, қолдау көрсетсеңіз - сіздің өтінішіңізді қабыл алайын дедім.

Ақсақалдар мектеп оқушылары мен аудан жастарына ақыл, кеңес беріп отырса - ол үлкен ұлағатты іс болып табылады. Сондықтан аудан ақсақалдары әкімнің қол шоқпары емес. Тек әкімнің айтқанын ғана істейтін орындаушы бола алмайды. Арнайы келісіліп жасалған жоспармен жұмыс жүргіземіз. Мынадай қазақта нақыл сөз бар «Қариясы әкімін іздесе – қасірет, әкімі қариясын іздесе - қасиет».

Аудан әкімінің қолдауымен жоспардағы жұмыстарымыз іске асуда. Түркістанға, Шоқан ескерткіші мен музейіне, Абай еліне, Астана қаласына саяхаттап барып қайттық. Әулие ата-бабалар Ескелді, Балпық, Қаблоса, Жамбыл, Нұрғисаның бастарына барып тәу етіп қайттық. Бұл тек қана саяхаттап қайту емес сол жердегі айтулы тұлғалардың даналығымен танысып көңілге тую, ұлағатты істерін бойға жию болып табылады. Семей қаласының әкімі қабылдады, Ақсақалдар алқасымен кездестік бұның бәрі екі елдің арасындағы байланысты нығайтады. Жалпы жұмыс барысымыз осындай.

**- Сайлау аға, үлкен үлгі боларлық ұлағатты істерді атқарған екенсіздер.**

**Көксу аудандық ардагерлер кеңесінің төрағалық қызметіне қайта сайлануып жатырсыз, сексен жастың сенігіне шықсаңыз да әлі сергексіз, алдағы істеріңізге сәттілік тілейміз. Жақсы өңгімеңізге көп рахмет!**

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ МАЙТАЛМАНЫ ТУРАЛЫ ПІКІРЛЕР



**М ә л і к Аманбайұлы - Көксу аудандық «Аманат» партиясының төрағасы:**

- Сайлау Бәзілұлы Бәзілов халыққа және мемлекетке қызмет етуге өмірін арнаған адам. Өмірі адалдықтың, еңбекқорлықтың жә н е жанқиярлықпен қызмет етудің үлгісі болып табылатын адамның қоғам мен мемлекет алдындағы еңбегін көрмеу, бағаламау мүмкін емес. Еңбекқор, көпшіл, қарапайым және ақкөңіл тегілік бойында тұнып тұрған жан, өзін нағыз ұйымдастырушы ретінде көрсетіп, табандылық, әдептілік және әріптестеріне құрметпен қарау қабілетін көрсетті. Қазақстанның егемендігі мен тәуелсіздігінің нық аяққа тұру жылдары Сайлау Бәзілұлы елдіктің идеяларын табанды және адал қолдап, насихаттады. Ол жай ғана басшы емес, өз үлгісімен басқаларды шабыттандыратын нағыз көшбасшы. Оның энергиясы, оптимизмі және Қазақстанның болашағына деген мызғымас сенімі көптеген адамдар үшін күш көзі болып табылады. Ол әртүрлі адамдармен ортақ тіл таба алады, оларды ортақ мақсаттар мен міндеттер төңірегінде біріктіре алады.

Сайлау Бәзілұлы Базиллов - Көксу ауданының тарихын терең білетін бірден бір адам, істері мен іс-әрекеттері көпшілік



үшін бағдар болып табылады. Оның ауданның дамуына және Қазақстанның мемлекеттілігін нығайтуға қосқан үлесі зор. Асыл жар — ердің сәулеті дегендей Сайлау Бәзілұлының өмірінде асыл жары Жәмила апай. Жылдар бойы сақталған олардың жылы, сүйіспеншілікке толы қарым-қатынасы берік ерлі-зайыптылардың үлгісі болып табылады.

## Зейнеттегі полиция полковнигі Бақтаев Нұржігіт:

- Мен Сайлау Бәзілұлымен осыдан 60 жыл бұрын ол кісі аудандық комсомол комитетінің 2-хатшысы болып тұрғанда танысқан едім. Енді артта қалған уақытқа қарасақ бір адамның ғұмырындай уақыт өтіп кетіпті. Біз тіпті туысқаннан да жақын болып кеттік. Сакең достыққа берік, кеңпейілді ақжүректі үлкен адамгершілікті, досқа адал адам. Жолдасы Жәмила екеуінің мінез-құлқы, адалдығы мен адамгершілігін бөліп айта алмайсың. Бірінің ой пікірі бірімен үйлесімді қалыптасып кеткен. Отбасында үлгі аларлықтай сыйласымдылық бар. Қай уақытта болса да көмектескісі келіп қолұшын беруге дайын тұрады. Бұндай азаматтармен дос болудың өзі бір мәртебе.

## Көксу ауданы әкімдігінің аппарат жетекшісі Кубиева Жанар Әнуарқызы



- Сайлау Бәзілұлының мемлекеттік қызметте заңдылықты, тәртіп пен жауапкершілікті басты орынға қойып, тапсырмаларды нақты, жүйелі әрі талапқа сай орындауымен ерекшеленді. Өр шешімді қабылдауда мемлекет мүддесін, қызметтік тәртіп пен кәсіби этикаға қатаң сақтайды. Ал қоғамдық жұмыстарда Сайлау Бәзілұлы халықпен етене жақын болып, ашықтық пен жанашырлықты алдыңғы орынға шығарды. Қоғамдық мәселелерге бейжай қарамай, азаматтардың ұсыныс-пікірін тыңдап, ел бірлігі мен әлеуметтік татулықты нығайтуға белсенді атсалысты. Осылайша, мемлекеттік қызметте – тәртіп пен жүйелілікке, ал қоғамдық жұмыстарда – адамгершілік пен халыққа жақынддыққа басымдық беруі оның басты айырмашылығы әрі ерекшелігі деп бағалаймын.

## Автордан: Құрметті Сайлау Бәзілұлы! Бүгін ауылдастарыңыз бен замандастарыңыз айтқан Сіздің бойыңыздағы күш-қуат, терең білім мен іскерлік қабілет сияқты қасиеттер жастарға үлгі болсын! Сізге мықты денсаулық тілеймін! Еңбегіңіз жана берсін!

Сембек АБДРАХМАНОВ, Талдықорған қаласы



ауыл халқы Қаблоса ауылдық мәдениет үйін ерекше безендіріп, жиналған ауыл азаматтары қуанышты жүзбен келген қонақтарды қарсы алып жатты.

Салтанатты жиын басталып та кетті. Жүргізуші бүгінгі жиынның мән-мағынасын түсіндіріп елге жариялаған соң ортаға ауылдың ақсақалы, әрі Сайлау Бәзілұлының сыныптас досы Қоқымбай ақсақал бала кезден бергі бірге өсіп, бірге ойнаған кездегі қызықты сәттерін еске түсіре отырып, туған күн иесін мерейлі жасқа келуімен құттықтап өтті.

Жетісу облысының «Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының» басшысы Сүлейменов Қуаныш Сұлтанұлы Жетісу облысының әкімі Бейбіт Өксікбайұлы Исабаевтың құттықтау хатын, сәлемін жеткізіп, мерейжас иесінің иығына шапан жапты. Көксу ауданының әкімі Халелов Дәулет Кенжеханұлы аудан әкімшілігі және өз атынан құттықтай отырып, мерейтой иесінің иығына шапан жауып, астына ақ боз ат мінгізді. Құттықтауларды мектеп ұстаздары жалғастырып, сый-сияпаттарын жасап жатты. Сайлау Бәзілұлының әулеті атынан үлкен ұлы Мәулен Сайлаубайұлы жиналған ауыл адамдарына, облыс және аудан әкімдіктеріне, сондай-ақ салтанатты жиынды ұйымдастырушы топқа жүрекжарды ризашылығын білдірді. Мерей тойға арналған жиын аудандық және ауылдық мәдениет үйінің өнерпаздарының концертіне ұласты.

## ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДЫ ЖАМАН ДЕП АЙТА АЛМАЙМЫН...

Ауылдағы жиын аяқталған соң Сәкеңе біраз сұрағымды қойып үлгердім.

- Сәке, мемлекеттік қызметтің майталманы болып жеткен 80 жасыңыз құтты болсын. Сексенде сексеуілдей мықты болыңыз. Зейнетке жеткенмен, өлі де еңбектен қол үзген жоқсыз. Еңбек жолыңыз бен өміріңіз екі түрлі қоғамда

# БАР БОЛ, АБЫЗ АҒА!

**Қазақта «әдемі қартаю» деген сөз бар. Жасы ұлғайған сайын қадірі арта түскен, сыртқы сипатымен сымдай тартылған, даналықты бойына жинаған Наурыз ағаны «қартаю» деген ұғымға үйлестіре алмай отырғанымыз шындық. Бүгінгі заманда ұлтқа қажеті – көркем мінез. Оның үлгісін іздесеңіз алысқа бармай-ақ Қылышбаев болмысына зер салыңыз. Сәл нәрсеге ашу шақыру, кеудесін көтеріп менменсу, жасаған игі істерін мақтан ету, жақсылығын міндет ету оның табиғатына мүлде жат нәрсе. «Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады» деген Хакім Абай. Ұлы ақын айтқандай мінезінің құтысын сабырға толтырған, тұнық ойлы, терең толғамдары баурап алды, орнықты пікір айтады. Ой-тұжырымдары елді біріктіруге арналған салиқалы, айтқаны санаға сіңімді, айтпағанын қас-қабағынан айырасың. Сені үнсіз отырып-ақ тәрбиелейді. Қызметкерлерін қадірлей білетін кішілігі мен кісілігі басым жан. Ұлтымыздың ең құнды қасиеттерін бойына сіңірген азамат. Ұлы Абай айтқан «толық адамның» бейнесін бүкіл болмысымен көрсете білген абыз ақсақал. Ендеше Наурыз ағадан үлгі алар болмысының бір сәтіне көз салыңыз.**



келдім, ал не жасадың десеңіз - елдің талабы мен талғамына сай іс атқардым - деп ойлаймын, ал, халықтың қазынасы не десеңіз, ол – кітап» - деп, қысқа ғана қайырады.

## БАБАЛАР РУХЫН ҰЛЫҚТАҒАН

Жемісті еңбектің мерейлі зейнеті көріп отырған шағында халық қазынасы кітапқа көңіл бөлген ағамыз «Ойнама, балам, ойланғын» деп аталатын екі томдық ғұмырнамалық эссе, «Үш бәйтерек» атты деректі кітап, екі мәрте Еңбек Ері Н. Алдабергенов туралы «Нұрмолда», «Алыптың абыройы» және «Армысың өз Баба», «Жұлдызды жігіт», «Әдептілік әкеден», «Тәттібай мерген», «Мен қазақпын», «Шұбар ат», «Үш бәйтерек», «Жаңаталап жастары», «Ноқта ағасы», «Тағзым» атты бірнеше жаныңа дем беретін, халықтың қазынасын қадірлеуге, сол қазынаны жасаушыларды қорғауға атсалысып, келешек ұрпақ арасынан рухты, кемел ойлы кемеңгерлер шығаруға өзіндік үлесін қосуда.

Наурыз ағаға Ескелді, Балпық, Қаблеса, Жолбарыс бабалардың рухы риза шығар. Сонау 1990 жылдардан данагөй билер рухына тағзым етіп, дүбірлі тойлардың өтуіне өзіндік үлес қосқан ағамызға халықтан көптеген ыстық ықылас пен ниеттер айтылып, «Алғыс хаттар» жолданған.

«Маған осы қошемет жеткілікті. Бабалар аруағы алдында, еліміздің алдында перзенттік парызым толық орындалды деп айта алмаймын. «Баласы жетім атанбас - анасы болса, елі жетім атанбас - данасы болса» деген сөздің мәнін, мағынасын, бабалар рухына, тарихқа тағзым етуді осы жылдары қалыптастырдым» - деп ағынан жарылады Наурыз абыз. **(Н. Қылышбаев «Ойнама, балам, ойланғын» 41 бет.)**

Туған жер мен бабалар алдындағы перзенттік парызы орындауда Наурыз ағамыз тағы да ерлеген тұстарды атап кетпеске болмас.

Жерұйығы атанған киелі мекен Жетісуға төрт ғасырдан кейін қоладан шапан жамылып оралған тұғыры биік төбеден асқақтаған, Алатауына көз салып, бүгінгі ұрпағын өз өсиеттерімен ұлықтап тұрған Өз баба Қадырғали Жалайыри бабамыздың тамыры тереңге кеткен бірлігі бекем елдің ескелді кемелділігін паш ететін «Үш баба» - Ескелді, Балпық би, Қаблеса бабалардың тұғырлы тұлғаларында да Наурыз Қылышбаевтың жарқын қол таңбалары бар.

## ПАРАСАТТЫ АДАМНЫҢ АЗАМАТТЫҚ КЕЛБЕТІ

Еңбек жолын комсомолдың басшылығынан бастаған Наурыз абыз қызметтік лауазымын облыстық партия комитетінің жауапты қызметтерінде жалғастырып, басқарушылық пен ұйымдастырушылық біліктілігіне орай оған сенім артқан облыс басшылары аудандарды басқаруды тапсырды. Қоғамымыз алмасқан кездегі алуан түрлі ауыр кезеңдерде қиындықтар сынағынан сүрінбей өтіп, халықты оңтайландыру саясатына ұрындырмай, соңғы қызметіне байланысты басқарып отырған Көксу (бұрынғы Киров) ауданының сақталып қалуына сіңірген еңбегі ел есінен шыққан жоқ.

Бүгінгі Наурыз Қылышбайұлының азаматтық келбеті жақсылықтың озғанын, еңбектің жанғанын, төзімділіктің ақталғанын, сабырлық пен парасаттылықтың жеңгенін аңғартады.

«Жастарымыз – қариялық, қариямыз – дариялық деңгейге көтеріліп жатса нұр үстіне нұр болар еді», - деп Наурыз ағамыз айтқандай, дариялықтың белесіне көтеріліп, кіршіксіз таза, елдің келешегін ойлап, өзінен кейінгі ізбасарларын, ел басқаратын шәкірттерін тәрбиелеп, ел үшін, жер үшін, ар-намыс, абырой үшін өмір сүрген Наурыз ағаға менің өз басым қарыздармын. Наурыз Қылышбаевтан алған тәлім-тәрбием өміріме рухани азық, табынатын төңірім, мақсатымның темірқазығы болды.

Ақыл айтып жүрмесе қасымызда, Сонда орнайды жетімдік басымызға, Жалаңашқа шекпенін шешіп беріп, Бір күлшесін бөліскен ашымызға, - деп, ақық ақын Мұқағали жырлағандай, бізді ақылға шөлікпіндей ұзақ жасап, бар болыңыз Абыз аға!

**Ізгі ниетпен Сайлаубай Бәзілұлы, Көксу аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы**

## ӨНЕГЕЛІ ШАҢЫРАҚ

Адамның бір бақыты - шаңырағының шаттығы. Күләш апай екеуі жарасымды жұп Алатаудай асқақ, Жетісудай көрікті. Текті әулеттің анасы Күләш апай өнегелі перзенттер тәрбиелеп отырған, ешкімге өкпе артпайтын, ағаның қызметіне салмақ салмайтын дарабоз ана.

Н. Қылышбаев «Асыл жарым, жайнаған жасыл бағым» атты ой толғамында Күләш апай туралы айта келе «Күләш маған қарағанда әлдеқайда мықты болып шықты. Ақылы мен қарапайымдылығының арқасында қандай қызмет атқармайық, қай ауданға бармайық, дос, құрбы тауып, өркенді ортадан өзіне лайық тиянақты орнын таба білді. «Әйел заты өзі сүйген еркектің болашағына кедергі болғанды қаламайды. Тағдыр жазып үйлі-баранды болса, күйеуінің атына сөз келтірмеуге тырысады» деген пәлсапалық ұғым, тәрбиелік мәні үлкен тәлімді сөзді аңыз - ертегіден оқып, үлкендердің өсиеті деп ойлаушы едім. Сөйтсем, қателесіппін. Сондай асыл жанның бірі менің Күләшім екен» **(Н.Қылышбаев 243 бет «Жаңаталап жастары»)**

Елу жылдан астам қол ұстасып мерейлі, мәртебелі ұрпақ өсіріп, баянды ғұмыр кешкен жарасымды жұптың қызығы мен бақыты мол. Талай адам армандайтын тағылымды ғұмыр, қасиетті отбасы осындай-ақ болар.

## БАР ҚАЗАҚТЫ БАУЫРЫНА БАСҚАН АҒА

*Даналықтың төркінінен тарайтын, Жақсы сөзді жарты ырысқа балайтын, Бас кессе, тіл кескенге көнбейтін, Бір-ақ ауыз ұлы сөзді жөн дейтін, Аталарым – тотықпайтын нақ алтын,* - деп, ақын жырлағандай, қанша жылдар өтсе де естен кетпес сәттер болады. Соның бірі - 1998 жылдың жазында аяқталып, (ірге тасын Қылышбаев қаласып, тұрғызған) пайдалануға берілген Балпық би кентіндегі мешіттің ашылу салтанаты өтетін күні Наурыз Қылышбаевты мешіттің ашылу салтанатына шақырып телефон шалдым. Наурыз аға бұл кезде әкімдікті өткізіп, еңбек демалысында еді. Наурыз аға: - Рахмет. Құтты болсын. Бара алмаймын. Қомақты көмек көрсеткен бір де бір адам

шақырылмапты. Олардың өкпесіне қалатын сендерсіңдер. Сол кезде сендер тұрмақ Қылышбаевты да шақырғанымыз жоқ - деп құтыласыңдар, - деді де телефон тұтқасын қойды.

Шын мәнінде бізден кеткен қателік жерде жатпады. Көп ұзамай Батқалов Мұхтар:

- Науке! Сіз Көксу, Қаратал азаматтарына қарағанда Ақсу, Лепсі өзен бойын мекендеген жігіттерге сыйлысыз. Осыны мойндайсыз ба? - Сыйласымдылық уақыт өте қалыптасады ғой. Әліптің артын байқалық. Сен қатты кетпе. **(Н.Қылышбаев «Ойнама балам, ойланғын» 30 бет)**

Кітаптағы аз ғана сұқбаттан Наурыз Қылышбайұлы руға бөлінбейтін, бар қазақты бір атаның баласындай құрметтейтін, ренішке түсіністікпен қарайтын пейілі кең азаматтық тұлғасы көрінеді.

Пікіріміз дәлелді болу үшін 1985-1992 жылдары Наурыз ағамен Ақсу ауданында қызметтес болған Ақсулық Ажар Сәрсембайқызының пікіріне зер салайық.

«Аудан коммунистерінің бірі ретінде Сізге зер сала қарап, Сіздің адал еңбек пен махаббаттың иесі екеніңізді байқағанмын, өмір бойы бір Алладан кейінгі Сіздің сүйеушіңіз де, демеушіңіз де адал еңбегіңіздің болғаны... Наурыз Қылышбайұлы! Өмірде ана жүрегі мен бала жүрегінің (әсіресе ер баланың) түсіністікпен қатар соғатын кездері сирек болады. Сол сиректің бірі Сізге, екіншісі - қараталдық жерлесіміз, министр Қасым-Жомарт Кемелұлына («Азамат» деген кітаптан «Өке мен Ана туралы» толғанысын оқып, түсінгенім) бұйырыпты, бұл жақсылық нышаны. Сіздерді аялаған ана да бақытты, асыл анадан туып, азамат болған Сіздер де бақыттысыздар. Бұдан артық қандай жақсылық болуы мүмкін. Қай уақытта болса да қазақ жұрты бөлініп-жарылмай, бір-бірін сыйлап, қалған елге үлгі көрсетсе халқымыздың әл-ауқаты жақсарып, тыныштығы одан әрі нығайып, жерімізді көркейіп, гүлдене берері сөзсіз, оған мен сенімдімін». **(Н. Қылышбаев «Әдептілік әкеден» 9-12 беттер)**

Ажар Сәрсембайқызының осы бір жүрек жарды пікірінен адал, ізгілікті еңбек етуді, адами қасиетін таныта білуді, бар

қазақты бауырына басып, алалап бөлмеуді өмірінің темірқазығына айналдырғаны, рухани күресінің мақсаты тұтқаны Наурыз Қылышбаевты абыройы аласармас рухани сардарға айналдырып отырғанын көреміз.

## ТӨРБИЕ БАСЫ - АТА МЕН АНАДАН БАСТАЛАДЫ

«Менің де, Жеңістің де анамыз ақын жанды адам еді. Екеуіміздің де әкеміз Қылышбай Молжігітұлы, шешеміз Нұрилә Аққұлқызы. Әйтсе де әкеміз 1950 жылы желтоқсан айының тоғызыншы жұлдызында жеті күнге созылған қадақ ауруынан қайтыс болды. Шешемізбен қоштасарда әкеміз айтқан соңғы сөзі:

– Шебер деген атым бар еді. Төрт колхоз бірігіп жатқанда ең болмаса бір жыл ұста болмадым-ау, – депті.

– Балалардың жағдайын неге ойламайсың? - деген шешеме сәл жымылп:

– Дұрыс тәрбиелесең елдің баласы ата-нады, ағаттық жіберсең сенің балаң болады. Таңдау өзіңнен, - депті ұста Қылышбай.

Наурыз ағаның әкесі Қылышбай ата 1893 жылы, анасы Нұрилә апай 1912 жылы өмірге келген. Қылышбай атамның қолынан өнері тамған, өңірге танымал ұста, анамыз Нұрилә ұрпағының бойына бесік жырымен саналы ғұмыр сыйлап, адалдықты, парасаттылықты, кемелділікті сіңірген асыл жан болған екен.

Қылышбайдың еркесі атанған Наурыз аға мен інісі Жеңіс түн болса аналарының қойынында, күн болса қолтығының астында, қырағы бақылауында, аялы алақанында, яғни аналық қамқорлығында өсіп жетілді.

Осы орайда Міржақып Дулатұлының «Бізді сүйетұғын, қүйетұғын, әрқашан қамымызды ойлап жүретұғын абзал жанды адам, бұл – АНА» деген сөзі ойға орала кетеді. Ана үшін перзентінің амандығы мен адам болып өсуі ең үлкен марапаттың марапаты емес пе?! Қандай да бір биікке көтерілсе де, өмірде олжалы болса да бәрі ананың арқасы екенін ойынан шығармаған жанның бірі Наурыз Қылышбайұлы.

Наурыз ағадан «қанша жасадыңыз, не жасадыңыз, халықтың қазынасы не?» - деп сұрай қалсаң, «Құдайдың бұйыртқан жасына

# Рамазан айы

## Талдықорған | Ораза кестесі | 2026 жыл

РАМАЗАН АЙЫ	АПТА КҮНДЕРІ	АҚПАН / НАУРЫЗ	ТАҢ (Сәресі бітетін уақыт)	КҮННІҢ ШЫҒУЫ	БЕСІН	ЕКІНТІ	АҚШАМ (Ауызашар уақыты)	ҚҰПТАН
1	Бейсенбі	19	5:21	6:39	12:03	15:37	17:23	18:41
2	Жұма	20	5:19	6:37	12:03	15:38	17:24	18:42
3	Сенбі	21	5:18	6:35	12:03	15:40	17:25	18:43
4	Жексенбі	22	5:16	6:34	12:03	15:41	17:27	18:45
5	Дүйсенбі	23	5:14	6:32	12:03	15:42	17:28	18:46
6	Сейсенбі	24	5:13	6:31	12:03	15:43	17:30	18:47
7	Сәрсенбі	25	5:11	6:29	12:03	15:45	17:31	18:49
8	Бейсенбі	26	5:10	6:27	12:02	15:46	17:32	18:50
9	Жұма	27	5:08	6:25	12:02	15:47	17:34	18:51
10	Сенбі	28	5:06	6:24	12:02	15:48	17:35	18:53
11	Жексенбі	1	5:05	6:22	12:02	15:50	17:36	18:54
12	Дүйсенбі	2	5:03	6:20	12:02	15:51	17:38	18:55
13	Сейсенбі	3	5:01	6:18	12:01	15:52	17:39	18:57
14	Сәрсенбі	4	4:59	6:17	12:01	15:53	17:41	18:58
15	Бейсенбі	5	4:58	6:15	12:01	15:54	17:42	18:59
16	Жұма	6	4:56	6:13	12:01	15:55	17:43	19:01
17	Сенбі	7	4:54	6:11	12:01	15:57	17:45	19:02
18	Жексенбі	8	4:52	6:10	12:00	15:58	17:46	19:03
19	Дүйсенбі	9	4:50	6:08	12:00	15:59	17:47	19:05
20	Сейсенбі	10	4:49	6:06	12:00	16:00	17:48	19:06
21	Сәрсенбі	11	4:47	6:04	12:00	16:01	17:50	19:07
22	Бейсенбі	12	4:45	6:02	11:59	16:02	17:51	19:09
23	Жұма	13	4:43	6:00	11:59	16:03	17:52	19:10
24	Сенбі	14	4:41	5:58	11:59	16:04	17:54	19:11
25	Жексенбі	15	4:39	5:57	11:58	16:05	17:55	19:13
26	Дүйсенбі	16	4:37	5:55	11:58	16:06	17:56	19:14
27	Сейсенбі	17	4:35	5:53	11:58	16:07	17:58	19:16
28	Сәрсенбі	18	4:33	5:51	11:58	16:08	17:59	19:17
29	Бейсенбі	19	4:31	5:49	11:57	16:09	18:00	19:18

STAN.KZ

Қадір түні – 16 наурыздан 17 наурызға қараған түні

Ораза айт – 20 наурыз

## КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР

# ХАЛЫҚ БИЛІГІ САЯСИ ПАРТИЯЛАР АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСПАҚ

Ұсынылып отырған конституциялық өзгерістер Қазақстандағы саяси партиялардың рөлін едәуір күшейтуге бағытталған. Бұл – отандық демократиялық күштердің, соның ішінде «Ақ жол» демократиялық партиясының көп жылдан бері жүйелі түрде көтеріп келе жатқан ұстанымдарына толық сай келетін бастама.

Ең алдымен, халық билігінің саяси партиялар арқылы жүзеге асуы конституциялық деңгейде нақты бекітіліп отыр. Конституцияның 2-бабына сәйкес, халық өз билігін Президентке – парламенттік партиялар ұсынған кандидаттар арқылы, ал Парламентке – партиялық тізімдер арқылы береді. Бұл саяси бәсекені күшейтіп, партиялардың сайлаушылар алдындағы жауапкершілігін арттырады.

Сонымен қатар, Парламент пен партиялық фракциялардың саяси салмағы айтарлықтай өседі. Конституцияның 50-бабына енгізілген нормаға сәйкес, Парламент толықтай партиялық негізде қалыптасады және бірде-бір партия депутаттық мандаттардың үштен екісінен артық иелене алмайды. Бұл көппартиялы тепе-теңдікті сақтауға және саяси монополияның алдын алуға бағытталған маңызды қадам.

Тағы бір маңызды өзгеріс – саяси партиялардың мемлекеттік шешімдер қабылдау үдерісіне институционалдық деңгейде қатысуы. Конституцияның 23-бабында партиялардың ішкі және сыртқы саясатты іске асыруға қатысуы көзделген. Бұл олардың рөлін тек сайлау кезеңімен шектемей, күнделікті мемлекеттік саясатты қалыптастыруға тартуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, сайлау жүйесінің әділдігі мен ашықтығын арттыруға бағытталған өзгерістер қоғам үшін ерекше маңызға ие. Орталық сайлау комиссиясының құрамына үкіметтік коалицияға кірмейтін партия өкілдерінің енгізілуі сайлау процесінің ашықтығын қамтамасыз етіп, оның нәтижелеріне деген қоғамдық сенімді нығайтады.

Қорыта айтқанда, «Ақ жол» демократиялық партиясы ұсынылып отырған конституциялық өзгерістерді саяси партиялардың рөлін арттыру арқылы елдегі демократиялық дамуды тереңдетуге және саяси жауапкершілікті күшейтуге бағытталған маңызды әрі уақтылы қадам деп бағалайды.

Ермек ЕГІНБАЕВ,

Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясы Жетісу облыстық филиалының төрағасы, облыстық мәслихат депутаты, облыстық мәслихаттың тұрақты комиссия төрағасы



# АТА ЗАҢНЫҢ РЕФОРМАСЫНДА ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ КҮШЕЙМЕК

БҰЛ ДЕГЕНІҢІЗ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЗАҢМЕН ҚОРҒАЛАДЫ ДЕГЕН СӨЗ.

2026 ЖЫЛҒЫ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМАНЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ – ӘДІЛЕТТІ, АШЫҚ ЖӘНЕ ЖАУАПТЫ МЕМЛЕКЕТ ҚАЛЫПТАСТЫРУ. БҰЛ ӨЗГЕРІСТЕР БИЛІКТІҢ ХАЛЫҚ АЛДЫНДАҒЫ ЕСЕПТІЛІГІН КҮШЕЙТІП, БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ ЖАҢА RTУҒА БАҒЫТТАЛҒАН. СОНЫҢ НӘТИЖЕСІНДЕ ЕЛДЕ САЯСИ ТҰРАҚТЫЛЫҚ НЫҒАЙЫП, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУҒА ҚОЛАЙЛЫ ОРТА ҚАЛЫПТАСАДЫ.

Сонымен қатар, бұл реформалар жергілікті басқару жүйесінің тиімділігін арттыруға да серпін береді. Аймақтардағы шешім қабылдау процесіне халықтың қатысуы кеңейіп, қоғамдық кеңестер мен азаматтық бастамалардың рөлі күшейеді. Бұл өз кезегінде өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң ықпал етіп, халықтың билікке деген сенімін арттырады.

**Асхат Мәуленұлы - «Ауыл» партиясы Жетісу облыстық өңірлік филиалының төрағасы осы тақырып аясында өз пікірін білдірді. Оның айтуынша:**

– Жаңа Конституциядағы ең елеулі өзгерістердің бірі – адам құқықтары мен заң үстемдігін күшейту. Енді азаматтың мүддесі мемлекет мүддесінен жоғары қойылады. Бұл қоғамда әділдікке деген сенімді арттырып, азаматтық белсенділіктің өсуіне жол ашады. Сонымен қатар реформалар азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетіктерін едәуір күшейтеді. Конституциялық бақылау механизмдерінің нығаюы, сот жүйесінің тәуелсіздігінің артуы және адам құқықтарын қорғау институттарының рөлінің кеңеюі – осы бағыттағы маңызды қадамдар. Нәтижесінде азамат өз құқығын қорғауда мемлекетке емес, заңға сүйенетін болады.

Асхат Мәуленұлының пікірінше, бұл өзгерістер билік тармақтарының арасындағы тепе-теңдікті сақтауға да кең мүмкіндік береді. Заң шығарушы, атқарушы және сот билігінің өкілеттіктері нақты айқындалып, бір-бірін тежеу әрі тепе-теңдік жүйесі күшейеді. Бұл демократиялық басқарудың басты шарты болып саналады. Сондай-ақ, жаңа Конституцияның толық іске асуы үшін заңнаманы жаңарту, мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін арттыру, қоғамда құқықтық сауаттылықты кеңінен дамыту және азаматтық бақылау мен қоғамдық диалогты күшейту қажет.

Қорытындылай келе, Асхат Мәуленұлы Конституциялық реформаны ел болашағына салынған ұзақ мерзімді инвестиция деп есептейді. Оның табысты жүзеге асуы билік пен қоғамға ортақ жауапкершілікке байланысты екенін атап өтті.

Сания ЕРНЕСҚЫЗЫ,  
ЖУ студенті



## СҰХБАТ

## ТІЛ - ЕЛІГЕ ДЕГЕН ҚҰРМЕТ?

Қазақстанда Конституцияға енгізілуі мүмкін өзгерістер қоғамда кеңінен талқыланып жатыр. Соның ішінде мемлекеттік тілдің мәртебесіне қатысты нормалар ерекше назарға ие. Осы тақырып төңірегінде Жетісу университеті журналистика кафедрасының меңгерушісі Каримова Бибігүл Жұмашқызымен сұхбаттасып, жеке пікірін естідік.

– Конституцияға енгізілетін өзгерістерге көзқарасыңыз қандай?

– Конституцияға, әсіресе тілге қатысты енгізілетін өзгерістер міндетті түрде халықтың талқысына ұсынылуы керек деп есептеймін. Себебі тіл - бүкіл қоғамға ортақ құндылық. Мемлекеттік тілдің мәртебесі нақты әрі түсінікті болуы тиіс. Мұндай өзгерістер қоғамды бөлмей, керісінше ұлттық бірлікті нығайтады.

– Конституциялық комиссия отырысында «тең» сөзі «қатар» сөзімен ауыстырылғаны айтылды. Осыған көзқарасыңыз қандай?

Конституциялық комиссия отырысында «тең» сөзі «қатар» сөзімен ауыстырылғаны қоғамда түрлі пікір туғызды.

Менің ойымша, «тең» мен «қатар» сөздерінің арасында түбегейлі айырмашылық жоқ, екеуі де бір ұғымды білдіреді. Жалпы 9-баптың екінші тармағын алып тастаған жөн деп санаймын. Себебі мемлекеттік тілдің мәртебесі бірінші тармақта анық көрсетілген.

– Мемлекеттік мекемелердегі қазақ тілінің қолданысына тоқталсаңыз.

– Заң жүзінде қазақ және орыс тілдері қатар қолданылғанымен, іс жүзінде қазақ тілінің үлесі төмен екені байқалады. Көп жағдайда ресми іс жүргізу мен қызмет көрсету орыс тілінде жүреді. Мемлекеттік тіл ең алдымен мемлекеттік мекемелерде толық қолданысқа енуі тиіс. Сонда ғана оның беделі артады, қоғамда сұраныс қалыптасады.

– Мемлекеттік қызметкерлердің қазақ тілін меңгеру деңгейін арттыру үшін не істеу қажет?

– Сарапшының пікірінше, мемлекеттік қызметкерлердің қазақ тілін меңгеру деңгейін арттыруды талап қоюмен ғана шектеуге болмайды.

Қазақ тілін оқытуды мектептен бастап күшейту қажет. Әдістемелік кешен жаңартылып, жаңа сөздер мен заманауи ұғымдар жүйелі түрде енгізілуі тиіс. Сонымен қатар түрлі салаларға бейімделген бағдарламалар мен арнайы тілдік курстар ашу қажет. Бұл қазақ тілінің кәсіби және күнделікті қолданысын кеңейтеді.

Мемлекеттік тілдің тағдыры Конституциядағы бір ғана баппен шектелмейтінін, ол әр азаматтың күнделікті таңдауы мен жауапкершілігіне байланысты.

Менің ойымша, бүгінде мемлекеттік тілді білу - әр азаматтың ел алдындағы борышы. Себебі тіл - жай ғана қарым-қатынас құралы емес, ол елге деген құрметтің, тарих пен мәдениетке деген жауапкершіліктің көрінісі.

Сұхбатты жүргізген Дария ТАСҚЫНҚЫЗЫ,  
ЖУ студенті



## АТА ЗАҢДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ЖӨНІНДЕ ШІКІР

Жаңа Ата заңға енгізілетін өзгерістер қоғамда қызу талқыланып жатқан тұста, Жетісу билер алқасының төрағасы Саржан Әлдибекұлымен сұхбаттасудың сәті түсті. Әңгіме барысында біз Конституция жобасындағы әділеттілік қағидатының мәні мен қоғамдық келісімді нығайтуға бағытталған бастамалардың мазмұнына тереңірек үңілдік. Саржан Әлдибекұлы жаңа өзгерістердің ел болашағына ықпалы мен құқықтық мемлекет құру жолындағы маңызын таразылап берді.

– Жаңа Конституциядағы өзгерістер билік пен халық арасындағы сенімді арттыруға қалай әсер етеді деп ойлайсыз?

– Жаңа Конституцияда әділеттілік қағидаты заң үстемдігін күшейту, сот жүйесінің тәуелсіздігін қамтамасыз ету және барлық азаматтардың заң алдында теңдігін бекіту арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар, мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығын арттыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тетіктерді жетілдіру және әлеуметтік әділдікті қамтамасыз ететін нормаларды енгізу көзделген. Осының бәрі халықтың сенімін күшейтеді деп ойлаймын.

– Конституция нормалары дәстүрлі билер институтымен қалай үйлеседі деп ойлайсыз?

– Конституция нормалары, жалпы алып қараған кезде, дәстүрлі билер институтымен үйлесуі әбден мүмкін. Себебі заң органдары өздері билермен біріге отырып халық арасындағы дауларды бірігіп шешсек деп ұсыныс жасағандары да бар. Қазіргі заманның билері заң қызметкерлеріне біраз жұмыстарын жеңілдетіп, ел арасында бірлікке шақыруға дайын. Үкімет пен заң қызметкерлерімен анық айтсақ сот, прокуратура, полиция арасында алтын көпір болып бірлікке шақыруға ынталанып отыр. Қазақ билерінің ережесінде билер ауызбірлік пен бабалар айттып кеткен бірлікте болсақ екен деген ұранмен жұмыс жасауға дайын.

– Жаңа Конституциядағы әділдік ұғымын қалай түсінесіз?

– Өзгеріс сол, кейбір қаралмай қалған мәселелерді осы Конституцияға кіргізіп жатыр, өте орынды шешім, өзгерісті уақыт көрсетер, біздің ойымызша өзгерістер болуы керек. Басты құндылық – ол қоғамдағы заңның үстемдігін әділ шешім арқылы орнату.

– Қазақ билер алқасының ережесі бойынша халық арасында үкіметпен, заң органдарымен біріге отырып дау-дамайды шешуге себепкер болсақ деп ойлаймыз. Тәрбиелік мәні: қазақ еліне өте үлкен, қазақ елі - бұрынғы кезде қандай дау болсын бір ауыз сөзбен тоқтаған, қазақ билері осы қағиданы ұстай отырып, ел арасын бірлікке шақыруды мақсат тұтады.

Сонда ғана ашық қоғам болып дами аламыз. Жалпы, Жаңа Ата заңға енгізілетін өзгерістер қоғамдағы әділеттілік қағидатын нығайтса ғана билік пен халық арасындағы өзара сенімді арттыруға болады. Уақыт талабына сай жасалған бұл өзгерістердің түпкі мақсаты – әділ қоғам қалыптастырып, халық мүддесіне қызмет ететін тиімді жүйе құру.

Ақбота ҚАЙРАТ,  
ЖУ студенті



## Бейсенбі - Четверг, 19 ақпан

### ХАБАР

05.00 Сериал «Восточные сладости»  
07.00 «Оян!»  
09.00 Жер-жаһан  
09.10 «Біздің назарда»  
09.30, 19.30 Телехикая «Шырмалған тағдыр»  
11.30 Концерт «Елге сәлем»  
13.30 «Әзекті»  
14.00 «Культурный контекст»  
14.25 Қысқы Олимпиада ойындары.  
16.45 Қысқы Олимпиада ойындары.  
18.40 Әсем әндер  
19.00 Новости  
21.30 Жаңалықтар  
22.00 «ОйнаQ»  
23.00 Қысқы Олимпиада ойындары.

### ЕВРАЗИЯ

06.00 «Паутина»  
07.00 «Қайырлы Таң, Қазақстан!»  
08.30 «Доброе Утро, Казахстан!»  
10.00 «Жить Здорово!»  
10.50 «Модный Приговор»  
11.50 «Давай Поженимся!»  
12.45 Сериал «Запретная любовь»  
14.00 «Жаңалықтар»  
14.15 «Новости»  
14.30 «Qoslike»  
18.30 «Басты жаңалықтар»  
19.00 «Koremix-шоу»  
20.00 «Главные Новости»  
20.30 Сериал «Невский»  
00.30 «Главные новости»  
01.00 Сериал «Берлинская жара»  
01.50 Сериал «Личная жизнь следователя Савельева»  
02.40 «Басты Жаңалықтар»  
03.10 «Koremix-Шоу»  
03.55 «Паутина»

### КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар(қайталау)  
07.25 «Өнім сен едің», ойын-сауық  
07.35 «Өкінбе сен»  
09.30 Вечерние новости  
10.10 сериал «Морские дьяволы. вектор атаки»  
12.10 сериал «Лабиринты»  
14.00 сериал «Тайны»  
16.40 сериал «Джамайка»  
18.30 Сериал «Однажды в Чукурова»  
20.35 Кешкі жаңалықтар  
21.00 Вечерние новости  
21.40 сериал «Лабиринты»  
23.30 сериал «Морские дьяволы. вектор атаки»  
01.20 сериал «Джамайка»  
02.50 «Өкінбе сен»  
05.50 «Өнім сен едің», ойын-сауық (қайталау)  
06.10 кешкі жаңалықтар (қайталау)

### ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»  
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/  
08.50 «Әсем әуен»  
09.00 Жаңалықтар  
09.30 Новости  
10.00 «Әсем әуен»

## Жексенбі - Воскресенье, 22 ақпан

### ХАБАР

05.00,02.50 ҚР Өнұраны  
05.00 Сериал «Восточные сладости»  
07.00 «Алғашқы»  
08.00 Концерт Заттыбек Кепбосынұлының жеке шығармашылық кеші  
10.00 Мультфильм «Хранитель луны»  
11.25 Мультсериал «Турбозары»  
11.45 Худ.фильм «Падение олимпиа»  
13.55 2026 г.жылғы Қысқы Олимпиада ойындары.Босблей. Финал  
17.25 «Cover show»  
19.00 «7-күн»  
19.40 Глобальные события  
20.00 «Қызық times»  
22.15 Худ.фильм «Девять ярдов-2»  
23.45 2026 г.жылғы Қысқы Олимпиада ойындары.Жабылу салтанаты

### ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.20 «Тамаша city»  
06.50, 02.35 «Паутина»  
07.40 «Асау жаңалықтар»  
08.25 «Заң мен ел»  
08.50 Повар на колесах  
09.40 Сериал «Сломанные судьбы»  
13.40 «Пусть говорят»  
15.00 Сериал «Теория невероятности»  
17.00 Ток-шоу «Говорим о главном»  
18.00 «Теория невероятности»  
20.00 Аналитика  
20.50 «Анықтаймыз Руслан Өтепбаймен»  
21.50 Сериал «Запах лаванды»  
01.45 «Анықтаймыз Руслан Өтепбаймен»

### КТК

07.00 ҚР Өнұраны  
07.05 «Еркін Нұржанның

## Жұма - Пятница, 20 ақпан

### ХАБАР

05.00,03.45 ҚР Өнұраны  
05.00 Сериал «Восточные сладости» эфир/  
07.00 «Оян!»  
09.00 Жер жаһан  
09.10 «Арнайы репортаж»  
09.30,19.30 Телехикая «Шырмалаған тағдыр»  
11.30 Худ.фильм «Live 25»  
13.30 «Әзекті»  
14.00 «Нородный контроль»  
14.20 Пульс планеты  
14.30 Сериал «Отравленная жизнь»  
18.05 2026 г.жылғы Қысқы Олимпиада ойындары Биатлон.Масс старт.(М) Финал  
19.00 Новсти  
21.30 Жаңалықтар  
22.00 «Қоғам пікірі» саяси ток-шоуы  
23.00 2026 г.жылғы Қысқы Олимпиада ойындары Керлинг.3-место (М)  
01.10 2026 г.жылғы Қысқы Олимпиада ойындары Хоккей. Полуфинал (М)

### ЕВРАЗИЯ

06.00,03.15 «Паутина»  
07.00 «Қайырлы таң.Қазақстан»  
08.30 «Доброе утро.Казахстан»  
10.00 «Жить здорово!»  
10.50 «Модный приговор»  
11.50 «Давай поженемся»  
12.45 Сериал «Запретная любовь»  
14.00 «Жаңалықтар»  
14.15 «Новости»  
14.30«Qoslike»  
18.30,02.00 «Басты жаңалықтар»  
19.00,02.30 «Koremix-шоу»  
20.00 «Главные новости»  
20.30 «Парламент Online»  
20.55 «Поле чудес»  
22.10 Худ.фильм «Мой близкий враг»

### КТК

07.00 ҚР Өнұраны  
07.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)  
07.25 «Өнім сен едің», ойын-сауық  
07.35 «Өкінбе сен» өзбек телехикаясы.С субтитрами на русском языке  
09.30 Вечерние новости  
10.10 Сериал «Морские дьяволы. Вектор атаки»  
12.10 Сериал «Лабиринты»  
14.10 Сериал «Тайны»  
16.40 Сериал «Джамайка»  
18.30 Сериал «Однажды в Чукурова»  
20.35 Кешкі жаңалықтар  
21.00 Вечерние новости  
21.40 Сериал «Таксистка»  
01.20 Сериал «Джамайка»  
02.50 «Өкінбе сен» өзбек телехикаясы.С субтитрами на русском языке (қайталау)  
05.50 «Өнім сен едің», ойын-сауық (қайталау)  
06.10 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

### ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»  
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/  
08.50 «Әсем әуен»  
09.00 Жаңалықтар

шығармашылық кеші»(қайталау)  
07.35 «Өкінбе сен» өзбек телехикаясы.С субтитрами на русском языке  
10.30 Сериал «Срок давности»  
14.00 Сериал «Однажды в Чукурова»  
18.30 «Алдараспан» әзіл мен өн думан кеші  
21.00 «Портрет недели» с Артуром Платоновым  
22.00 Худ.фильм «Не лечи меня»  
23.40 «Было дело» документальный детектив  
00.20 «Путь к себе.Воспитание по-казахский и по-французский:в чем сходство»  
01.00 «Моншағым»өзбек фильм  
02.30 «Қарапайым Ханшайым» документдрама  
03.15 «Алдараспан» әзіл мен өн думан кеші (қайталау)

### ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»  
09.00 «Апта» (каз)  
10.00 «Апта» (рус)

09.30 Новости  
10.00 «Әсем әуен»  
10.30 К/ф «Әкемді сағындым»  
11.05 «Әсем әуен»  
11.40 Д/ф «Цена агрессии»  
12.00 «Әу» де»  
12.40 «Әсем әуен»  
13.05 «19 регион»  
13.40 «DARA LINE»  
14.30 «Таза мекен»  
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир  
15.20 «Шашу»  
16.00 Новости/прямой эфир  
16.20 К/ф «Үздіктер кітабы»  
17.00 «Бір шәугім шай»  
17.30 «Әсем әуен»  
19.00 «Жетісу жақұты»  
19.35 «102» сообщает»  
20.00 «Әсем әуен»  
20.10 Д/ф «Цена агрессии»  
20.30 Қорытынды жаңалықтар  
21.00 Д/ф «ООН-80» наш выбор – мир, а не война»  
21.20 «Әсем әуен»  
21.30 Итоговые новости  
22.00 «Келін BATTLE»

### 31 КАНАЛ

05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ  
06.00, 04.00 «Әзіл студио» ойын-сауық  
06.30, 05.20 «Ризамын»  
07.00,20.00 Информбюро (рус, каз)  
08.00,01.30 «31 әзіл» ойын-сауық  
09.30 «Саумал»  
09.50,03.00 «Тik Tok show» ойын-сауық  
10.00 Мультсериал «Губка Боб»  
10.30 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»  
12.30 Мультсериал «Викингі»  
14.40 Жерар Депардьё в фэнтези «Астерикс на олимпийских играх»  
17.30 Гойм Кане в фэнтези «Астерикс и Обеликс:поднебесная»  
21.00 Худ.фильм «Штурм белого дома»  
23.40 «Бозторғай» Телехикая  
02.40 «Time Vine» ойын-сауық  
03.20,05.00 «What's up»ойын-сауық  
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық  
04.30 Телевикторина «BALA BATLLE»

### 7 КАНАЛ

06.00, 05.50 Өнұран  
06.02,01.40 Жаңалықтар  
06.30,02.05 Новости  
07.00,22.40 Телехикая «Үзілген жапырақтар»  
08.30 Телехикая «Зың-зың Құлпаш»  
09.10,12.50,17.30 Мультсериал «Ну,Погоди»  
10.00,18.30 Сериал «Великолепный век. Хюррем»  
11.00,21.00 Сериал «Ветренный»  
13.00 Жаңалықтар  
13.15 Новости  
13.30,00.00 Телехикая «Ақ пен Қара»  
16.30 Q елі.Бағдарлама  
17.00 Janakez.Бағдарлама  
18.00 Жаңалықтар. Тікелей эфир  
19.30 Новости. Прямой эфир  
20.00 Сериал «Черная любовь»  
00.50 Телехикая «Тек қана қыздар»  
02.30 Әйгерім Сейфолланың Сырласуы  
03.20 Жарқыраған жұлдыз  
04.10 Қызықты weekend  
05.00 Телехикая «Әсекшілер»

11.00 «Шашу»  
11.40 Д/ф «Дара»  
12.00 «DARA LINE»  
12.55 «Әсем әуен»  
13.40 «Дала сыры»  
14.00 «Келін BATTLE»  
16.10 «Әсем әуен»  
16.40 Д/ф «Дара»  
17.00 «Шашу»  
17.40 «Әсем әуен»  
18.00 «Единый народ»  
18.30 «Әсем әуен»  
19.00 «Өзекжарды»  
19.30 «Арнайы репортаж»  
20.00 «Бір шәугім шай»  
20.35 «Әсем әуен»  
21.00 «Үгәгәй melody»  
22.00 «Әсем әуен»  
22.30 Д/ф «Стражи звезд»  
23.00 «Әсем әуен»

### 31 КАНАЛ

05.58 ҚР Өнұраны  
06.00, 05.00 «Әзіл студио» ойын-сауық  
07.00 «Күліп All» ойын-сауық  
07.30 «Тетті шоу» ойын-сауық  
08.00 Мультсериал «Губка боб»

## Сенбі - Суббота, 21 ақпан

### ХАБАР

05.00,03.30 ҚР Өнұраны  
05.00 Сериал «Восточные Сладости»  
07.00 «Алғашқы»  
08.00 Концерт «Асыл арман»  
10.00 Мультфильм «Прищельцы в доме»  
11.20 Мультфильм «Турбозавры»  
11.35 Худ.фильм «Девять ярдов-2»  
13.10 «Жекпе-жек айтыс»  
14.40 2026 г.жылғы Қысқы Олимпиада ойындары.Фристайл. Акробатика.Финал Микс.Финал  
18.35 Әсем әндер  
19.00 «7 күн»  
19.40 Жұмыр жер  
20.00 «Cover show»  
20.45 Худ.фильм «Падение Олимпиа»  
23.00 2026 г.жылғы Қысқы Олимпиада ойындары.Керлинг. Финал.(М)  
00.30 2026 г.жылғы Қысқы Олимпиада ойындары.Хоккей.3-место (М)

### ЕВРАЗИЯ

06.00 «Тамаша city»  
07.30,02.45 «Паутина»  
09.00 «Главные новости»  
09.40 «Парламент онлайн»  
10.00 «Мой близкий враг». Многосерийном филбм  
14.00 Комедия «Горько»  
16.15 Сериал «Мачеха»  
19.00 «Koremix-шоу»  
20.00 «Асау жаңалықтар»  
20.35 «Заң мен ел»  
21.00 «Анықтаймыз Руслан Өтепбаймен»  
22.00 Сериал «Сломанные судьбы»  
01.55 «Анықтаймыз Руслан Өтепбаймен»  
03.40 «Тамаша city»

### КТК

07.00 ҚР Өнұраны  
07.05, 06.00 «Өнім сен едің» ойын-сауық  
07.30 «Өкінбе сен» өзбек телехикаясы.С субтитрами на русском языке  
09.40 Вечерние новости  
10.20,00.20 Сериал «Таксистка»  
14.00 Сериал «Однажды в Чукурова»  
18.40 «Еркін Нұржанның шығармашылық кеші»Тұсаукесер  
21.00 Сериал «Срок давности»  
03.40 «Іштегі күйік» өзбек фильм  
05.10 «Қарапайым Ханшайым» документдрама

### ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»  
07.30 «Таңжарық»  
08.50 «Әсем әуен»  
09.00 Жаңалықтар  
09.30 Новости  
10.00 «Әсем әуен»  
10.25 К/ф «Қолтаңбалар құпиясы»  
11.05 «Әсем әуен»  
11.40 Д/ф «Игры со смертью»

08.40 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»  
09.20 Кулиарная программа «Готовим с Адель»  
10.00 Телевикторина «TeleBingo»  
10.30,02.20 Реалити-шоу «New te»  
11.00 «Саумал»  
11.20,03.00 «ТikTok show» ойын-сауық  
11.30 Худ.фильм «Гарфилд»  
13.20 Харрисон Форд в приключенческой драме «Зов предков»  
15.30 Худ.фильм «Человек-Паук Вдали от дома»  
18.30 Жерар Депардьё в фэнтези «Астерикс и Обеликс в Британий»  
20.10 Худ.фильм «Алита:Боевой ангел»  
22.40 Худ.фильм «Трансформеры:эпоха истребления»  
00.20 Худ.фильм «Ип Ман:последняя схватка»  
03.30 «Тамаша vine» ойын-сауық  
03.50 «1001 Әзіл» ойын-сауық  
04.00 Телевикторина «BALA

12.00 «Біздің толқын»  
12.50 «Әсем әуен»  
13.05 М/ф «Мұнлық пен Зарлық»  
13.35 «Әсем әуен»  
14.00 «Жетісу жақұты»  
14.35 «102» сообщает»  
15.00 «Аман болайық»  
15.40 «Әсем әуен»  
16.40 Д/ф «Игры со смертью»  
17.00 «Шашу»  
17.40 «Әсем әуен»  
18.00 «Әсем әуен»  
19.00 «Ұлт ұяты»  
20.00 «Дала сыры»  
20.15 «Әсем әуен»  
20.30 «Апта»  
21.30 «Апта»  
22.30 Д/ф «Менің елім»  
23.00 «Әсем әуен»

### 31 КАНАЛ

05.58 ҚР Өнұраны  
06.00, 04.40 «Әзіл студио» ойын-сауық  
07.00 «Күліп All» ойын-сауық  
07.30 «Тетті шоу» ойын-сауық  
08.00 Мультсериал «Губка Боб»  
09.00 Мультсериал «Кунг-фу панда»  
10.00 Кулиарная программа «Готовим с Адель»  
10.40,11.20,03.00 «31 әзіл ойын-сауық»  
11.00 «Саумал»  
12.10 Худ.фильм «Принц пустыни»  
14.40 Вин Дизель в фэнтезийном боевике «Последний охотник ведьм»  
17.00 Худ.фильм «Гарфилд»  
18.40 Харисон Форд в приключенческой драме «Зов предков»  
20.40 Худ.фильм «Человек-Паук:Вдали от дома»  
23.10 Худ.фильм «Отмель»  
01.10 «Bizdin show» ойын-сауық  
03.30 «Тамаша line» ойын-сауық  
05.00 «1001 Әзіл» ойын-сауық  
05.10 Телевикторина «BALA BATLLE»  
05.30 «What's up?»

### 7 КАНАЛ

06.00, 05.50 Өнұран  
06.02 Алдараспан  
06.50 Цифрлық гигиена  
07.00 Телехикая «Үзілген жапырақтар»  
08.30 Т/х «Зың-зың Құлпаш»  
10.00,18.00 Сериал «Великолепный век. Хюррем»  
11.00,21.00 Сериал «Ветренный»  
13.00 «Өн мен өнші»  
14.10 «Вторая молодость» Художественный фильм  
16.10 Мультфильм «История игрушек-3»  
20.00 Сериал «Черная любовь»  
22.40 Телехикая «Үзілген жапырақтар»  
23.20 «Интуиция» Музыкалық шоу  
02.20 Әйгерім Сейфолланың сырласуы  
03.20 Жарқыраған жұлдыз  
04.20 Япырай телехикая  
05.10 Т/х «Әсекшілер»

BATLLE»  
04.30 «What's up?»  
05.30 «Ризамын»

### 7 КАНАЛ

06.00, 05.50 Өнұран  
06.00 «Алдараспан»  
06.58 Цифрлық гигиена  
07.00,22.40 «Үзілген жапырақтар»  
08.30 Доктор Тажина  
09.00 «Людам на смех».Юморитическая программа  
10.00,18.00 Сериал «Великолепный век. Хюррем»  
12.00,21.00 Сериал «Ветренный»  
14.10 Мультфильм «История игрушек-3»  
16.10 Мультфильм «История игрушек-4»  
20.00 Сериал «Черная любовь»  
23.20 Худ.фильм «Джой»  
01.20 Әйгерім Сейфолланың сырласуы  
02.10 Жарқыраған жұлдыз  
03.10 Телехикая Япырай  
04.10 Т/х «Әсекшілер»

# ШАХИЗАДА АНЪЫҢ ҚҰЛПИЯСЫ...

Соңы. Басы өткен нөмірлерде

Барысша атылып зертхананың есігіне жетті. Қаңылтырмен қапталған есікті каратәмен айналысқан кездегі үйреншікті әдісімен қақырата тепті. Есік кәсек - мәсегімен бірге ішке қарай опырылып түсті.

...Бүкіл кеңістік төбеден бір жерден түсетін көк фосфоресцентті жарыққа толы. Белгісіз, бұрындар көрмеген әлдебір құрылғының астынан қою кара түтін дамылсыз будақтап шығып жатыр. Тек шырылдауық шегірткенің бірқалыпты өткір, жағымсыз дауысы құлақ қалқанын жарып жіберердей шырылдайды.

- Бұл не? Не жағдай болып жатыр? Баретта Агатовна, қайдасыз? Хрулев қайда? - деп, жауап күтпестен бірнеше сұрақты жөпелемдете қойды. - Қарғыс атсын, жетпей тұрғаны осы ғана еді. «Бұл не?» дегенде, нені сұрап тұрғанын өзі де түсінбейді...

Полковник Темірболат Ахметов те басы мең-зең болып, енді ғана есін жигандай. Алаяқ Баретта қатын бізге «мартини» құрғырдың ішіне естен тандыратын дәрі салып ішкізгені анық...! Құрылғының өткір жиектерінің үстіңгі жағына мойынын барынша созып қарады. Бірақ, қою-қара түтіннен басқа ештеңе көрінбейді. Енді қолын төмен қарай созып, қол жететін кеңістікті айналдыра қарай бастады. Қолдары әлденені қармап, белгісіз нәрсені ұстады. Біреудің басы ма? Құдайым-ау, бұл шынымен бас қой! Және сипағанда қос құлақ қолына ілінді. Адамның кәдімгі қос құлағы! О-о, Баретта Агатовна, мұның қалай?! Біз бұлай келіспеген едік қой... Жаңағы саусақтарына ілінген мұздай суық қос құлаққа жабысып, жоғары қарай шірене тартты. Берілмейді. Тырнақтарымыңның көбесі сыздап ауырып кетті. Ал, тағы, тағы тарт. Тағы да! Алды-ау, әйтеуір...!»

Жүректі ауыртатындай әлсіз ғана жылаған дауыс естілді.

Темірболат Ахметұлы көзін дереу ашып алды: О, сұмдық...! Қолында өзінің серігі Болат Атабаевтың басы! Көздері қатты үрейленуден шарасынан шодырая шығып, ұйпа-тұйпасы шыққан шаштары шошынған аттың жалы құсап тікелей тұр.

Мұндағы «Барыстықтар» өздеріне келіп, енді ғана тіріле бастады. Барлығының көздері тұманға ұқсап, бұлыңғыр тартып тұр. Қан-сөлсіз өңдері түтігіп кеткен. Күн сәулесінің таңқурай сынды сәулелері әйнектелген жақтаулардан өтті. Сәлден кейін бұлар шамамен бес сағат ұйықтағандары белгілі болды.

Ах, Баретта Агатовна! Ах, шырайлы Шахаризада, біз дәл бұлай келіспеген едік қой...!

## ШАХИЗАДА АНЪЫҢ ҚҰЛПИЯСЫ...

Әлгінде ғана «мартини» ішкен мерекелік отырыстың айқын белгілері әлі де бар, бірақ көрпелер, дастархан жоғалып кетіпті. Бұлар суық бетон еденде жатып қалыпты. «Барыстық» жігіттердің ағзалары үшін бұл жатыстың салдары оңай



болмасы белгілі. Олар жатқан орындарынан үнсіз тұрып, тізе бүкті. Ағаш құсап қатып қалған маңдайларын сүртті. Жандарын мысықтар тырнап, ауыздарына бір қора тауық түнеп кеткендей сасық иіс пен жиіркенішті дәм бар.

- Мына түрімізбен біз оп-оңай өліп қалғандай екенбіз - деген Дима қайғырған түрмен. - Жаспын, денім сау, бойдақпын, өзімді ұнататын қыздарым байсыз қала жаздапты ғой...

- Клофелин?! - деп, Татарцев ғылыми болжамын айтты.

- Галлюциногендік жағдай, - Ахметов медициналық білімнен хабардар екендігін білдіріп жатыр.

- Біз оның сол жерде не істегенін өз көзімізбен көруге барайық - деп, тәжірибесі өте мол, қандай жағдайда болмасын, сабыр сақтаудан жаңылмайтын Болат Атабаев. - А-а, не болса, ол болсын, жеті қиындыққа - бір жауап, - деген полковник қарулы аяқтарын дереу іске қосып, есікті оп-оңай ашты. Және сол жерде...

Бөлме іші батып бара жатқан күннің қызғылт сәулесімен шағылысып, зілдей тыныштыққа бөленген. Үлкен, бір көздері никельмен қапталған ФРИК - құрылғы келесі оқиғаларды күтіп тұрғандай мелшиіп қалған. Оған арқасымен сүйеніп, шидей жіңішке аяқтарын созып, жартылай отырып, жартылай бүгіліп жатқан - жүзін қайғы ізі торлаған Станислав Хрулев әкесі жаңа өлгендей мұнайып отыр. Оның кісендеулі сол қолы басының деңгейіндегі биіктікте ілулі тұр. Тірі екендігі анық, көрініп тұрған зақым байқалмайды.

«Барыстың» жігіттері жақындап, айнала қоршап алған. Сынақтағы «көжектің» жағдайын анық бақылау үшін әрқайсы өзіне ыңғайлы қашықтықты таңдап, еңкейіп отыр.

- Ұйықтап жатыр ма? - бүкіл компанияның ең шыдамсызы - Дима - «көжектің» жүзіне үңіліп, үн қатты.

Бір келкі тыныс алып жатқан Стасиктің көздері жабық. Жігіттердің де көру қабілеті кештің әлсіз жарығына бейімделіп, «нысанды» мұқият, зерттей қарап отыр.

Бетінде, дененің көрініп тұратын бөліктерінде ешқандай жарақат іздері, көгеру көрінбейді. Барлық аяқ-қолдар орнында. Құлаққа да қол тигізбеген сияқты. Киім бүтін, еш жерде қан іздері жоқ. Шашы қырқылмаған, жұлынбаған, бас

терісінен «скальп» алынбаған, бәрі де орнында.

Тоқта! Ойбай, мынау не? Басқалар қалай екенін кім білсін, полковник Ахметовтың денесі дір етіп, іші мұздап сала берді. Үсті-басы қаздың терісі құсап ұсақ-ұсақ жыпырлаған шұңқыршаларға толып, тітіркеніп кетті. «Тұтқын» - жас жігіттің басындағы шашы, асарын асап, жасарын жасаған көрі шалдың шашындай болып ағарып кетіпті. Ырымға бір тал кара шаш жоқ! О, Құдай, біз тырқып тыныш ұйықтап, демалып жатқанда, байқұс бала қандай жағдай кешті екен?

- Эй, ұйықтап жатырсың ба? Оян! Көзіңді аш! - Темірболат оның тізесін, иығын алақанымен шапалақтай бастады. Хрулев қабақтарын ақырын, жіпсиге ашты. Тұманды, бұлыңғыр көзқараспен айналасындағыларға алара қарады. Ешқандай реакция жоқ, оған ештеңе де әсер етпейтін сияқты. Бұлардың қызықтап тұрған бет әлпеттеріне бір қарап шыққаннан кейін, полковниктің төбе жағындағы бір ноқатқа тесіле қарап қалды.



Тұрғандардың барлығы еріксізден ол қараған бағытқа бұрылды. Бірақ таң қаларлық ештеңе көре алмады. Темірболат Таирұлы:

- Сен мені естіп тұрсың ба? - деп сұрақ қойды.

- Ал!

- Не, ал? Сен сөйлесуді ұмытқаның ба?

- Жоқ!

- Ол саған не істеді?

- Ештеңе.

- Ал сен не істедің?

- Біз сөйлестік.

- Не туралы?

- Марат туралы.

- Содан кейін?

- Содан кейін маған қорқынышты болды. Ол маған бір стақан қоймалжың, тәтті бірдеңе ішкізді. Одан кейін алақанымен көзімді жауып еді, екеуіміз де ұшып кеттік. Басында баяу. Одан кейін тез, бірте-бірте зымырай жөнелдік.

жүректі айнып, бір-жары, тіпті құсып жіберді.

Қанша уақыт өткені белгісіз, бір кезде Стасик тынышталап, бағана қараған бір ноқатқа тесіле қарап қалды.

- Ал сен қай жаққа ұштың?

- Маратқа. Ол болған сияқты, артынша жоқ болып кеткен сияқты болды. Бірақ, Баретта Агатовна ұзақ уақыт оның басынан сипады, әртүрлі мейірімді сөздер айтты.

- Ал сен не істедің?

- Мен Марат менің көзіме қарайды деп қорықтым. Бірақ ол маған назар аудармады...

Полковник Ахметов Димаға «кісендерді алып таста» деп белгі берді. Хрулев сол қалпында қалып, кісеннен босаған қолдары жан кеткендей салбырап қалды.

- Әрі қарай не болды?

- Маған сізге ештеңе айтпа деп бұйырды.

- Кім бұйырды?

- Мараттың анасы.

- Неге?

Жауап ретінде бұлыңғыр, үнсіз тыныштық орнады.

Темірболат Таирұлының есіне тағы бір медициналық термин оралды. «Сананың сомнамбула

жағдайы».

- Ол тағы не деді?

- Сіздер кеткен кезде, саған Марат келеді. Сен оның көзіне тура қарауың керек - деді. Көздер! Көздер-а-а! Көздер-а-а-а!

Стасиктің көзі аларып, қолы жоғары қарай пружинаша серпіліп кетті. Міне, қандай жағдайда адамдар: «Оның көздері шатынап, шарасынан шығып кете жаздады» дейді.

Жас жігіттің денесі тағы да дірілдеп - қалшылдап, құрысып қалды. Артынша бырқыратып тышып жіберді. Жігіттердің барлығы, шаян шағып алғандай, аулаққа таман секіре қашты.

Полковник Ахметовтың бұрынғы қысқа медициналық тәжірибесіндегі қойған диагнозы: «Өмірінің соңы...!»

Ах, Баретта Агатовна, мен Сізді қайткенде де табамын!»

...Дегенімен, ол ханым шарттың талаптары бойынша өзіне алған міндеттемелерді толық орындады...

Ғабдулсәбит ЮСУПОВ.

Жазушы-журналист,

К.Тоқаев атындағы детектив

жанры байқауының жүлдегері

# ОРТАҚ ҚИМДЕРГЕ ТАРЫЗ?

*Уақыт зымыран өтіп, 2026 жылдың қасиетті айларының бірі – Рамазан айы да келіп жетті. Биыл мұсылман қауымы үшін аса маңызды бұл айдың басталуы 19 ақпан күніне бекітілді. Рамазан – тек ішіп-жеуден тыйылу ғана емес, адамның рухани жаңғыруына, өзін-өзі тәрбиелеуіне, жүрек тазалығына бастайтын ерекше кезең.*

Ораза – Ислам дініндегі бес парыздың бірі. Оның мәні – адамның нәпсісін тізгіндеп, сабыр мен төзімділікке үйренуі, Алла Тағалаға жақындай түсуі. Рамазан айында мұсылман баласы өзіне есеп беріп, өткен өміріне көз жүгіртеді. Сонымен қатар, аштықтың не екенін сезіну арқылы жағдайы төмен, мұқтаж жандардың халін түсініп, оларға көмек қолын созуға ынталанады. Осы тұрғыдан алғанда, ораза – қоғамдағы бірлік пен бауырмалдықты нығайтатын үлкен рухани құндылық.

Дегенмен, қоғамда оразаға қатысты түрлі пікірлер айтылып жатады. Әсіресе, үлкен кісілер тарапынан жастарға: «Сен әлі баласың, біз сендердің жастарыңда ораза ұстамағанбыз. Ораза – қарттарға парыз, сендерде әлі күнә жоқ»

деп айтқан сөздерін жиі естіп жатамыз. Бұл пікірдің қаншалықты дұрыс немесе бұрыс екенін анықтау мақсатында **Жетісу облысының орталық «Иман» мешітінің имамы Ернар Дәлелханұлымен шағын сұхбат жүргіздік.**

Имам әңгіме барысында Ислам дінінің негіздеріне тоқталып, оразаның орны ерекше екенін атап өтті:

«Сіз бен біз отырған үстелді төрт жағынан төрт тірек ұстап тұрғандай, ислам дінінде де бес тірегіміз бар. Біріншісі – мұсылман болып, кәлимань айту, екіншісі – бес уақыт намаз, үшіншісі – ораза. Періштелердің санына шек жоқ деп айтылады ғой. Сол шексіз періштелер ауыз бекіткен адамның сауабын жазып тауыса алмайды екен. Оразаның сауабын

ақырет күні тек Алла Тағала ғана есептейді.

Бір хадисте: «Адам баласының әрбір амалына еселеніп сауап беріледі... Алла Тағала: «Ораза – Мен үшін, оның сауабын Өзім беремін. Өйткені пенде Мен үшін нәпсісінен және ас-судан бас тартты» (Бухари, Муслим), – деп оразаның сауабының өзгеше екені айтылған», – дейді имам.

Оразаның парыз етілу шарттарына да кеңінен тоқталған Ернар Дәлелханұлы былай дейді:

«Ауыз бекітудің парыз етілген түрі – осы Рамазан айының оразасы. Созылмалы ауруы бар, ақыл-есі кем азаматтар оразадан босатылады. Алайда қарттықтың өзі ораза ұстамауға себеп бола алмайды. Егер денсаулығы көтерсе, егде тартқан жандардың да ораза ұстағаны абзал. Ең басты шарт – балиғатқа толу».

Имamnң айтуынша, балиғат жасының өзі табиғи және климаттық ерекшеліктерге байланысты әр өңірде әртүрлі болуы мүмкін. Суық аймақтарда адамның физиологиялық жетілуі кешірек жүрсе, жылы әрі ыстық өңірлерде бұл үдеріс ертерек жүзеге асады.



Осыған байланысты ер балаларда балиғат жасы шамамен 12–15 жас аралығында болса, қыз балаларда 2–3 жыл ерте келеді.

Қазіргі таңда ораза кезінде медицинаға қатысты сұрақтар да жиі қойылады. Соның ішінде ине, система алу оразаны бұза ма деген сауал көпшілікті алаңдатады. Бұл жөнінде имам:

«Ораза уақытында ауруды бастатын ине немесе система салдыру оразаны бұзбайды. Ал күш беретін глюкоза, витаминдер қабылданса, ораза бұзылады. Егер адам байқамай оразасын бұзса, оны қарыз күн ретінде кез келген бір күні өтеуге болады. Ал әдейі бұзған жағдайда бір күнге қоса 60 күн

қарыз ораза ұстау міндеттеледі», – деп түсіндірді.

Имamnң ресми жауабынан аңғарғанымыз – ораза ұстауда жасқа байланысты нақты шектеу жоқ, бастысы – балиғатқа толу және денсаулықтың жарамдылығы. Рамазан айы басталған кезде қала мен аудан мешіттерінде күнделікті ауызашарлар ұйымдастырылып, білікті имамдар тарапынан уағыз-насихаттар айтылады. «Ауыз бекіткен барша жандарға мешіттеріміздің есігі әрдайым ашық», – деп сөзін түйіндеді Ернар Дәлелханұлы.

Гүлнұр БАЙМҰХАН

## СУДЕБНАЯ ЭКСПЕРТИЗА НАРКОТИЧЕСКИХ СРЕДСТВ, ПСИХОТРОПНЫХ ВЕЩЕСТВ, ИХ АНАЛОГОВ И ПРЕКУРСОРОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

**ЭКСПЕРТИЗА НАРКОТИЧЕСКИХ СРЕДСТВ, ПСИХОТРОПНЫХ ВЕЩЕСТВ, ИХ АНАЛОГОВ И ПРЕКУРСОРОВ ЯВЛЯЕТСЯ ВАЖНОЙ ЧАСТЬЮ СУДЕБНО-ЭКСПЕРТНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН И ИГРАЕТ ЗНАЧИТЕЛЬНУЮ РОЛЬ В РАССЛЕДОВАНИИ ПРЕСТУПЛЕНИЙ, СВЯЗАННЫХ С НЕЗАКОННЫМ ОБОРОТОМ НАРКОТИКОВ. ОСНОВНОЙ ЗАДАЧЕЙ ДАННОЙ ЭКСПЕРТИЗЫ ЯВЛЯЕТСЯ УСТАНОВЛЕНИЕ ПРИНАДЛЕЖНОСТИ ИЗЪЯТОГО ВЕЩЕСТВА К НАРКОТИЧЕСКИМ СРЕДСТВАМ, ПСИХОТРОПНЫМ ВЕЩЕСТВАМ ИЛИ ИХ АНАЛОГАМ, А ТАКЖЕ ОПРЕДЕЛЕНИЕ ИХ КАЧЕСТВЕННЫХ И КОЛИЧЕСТВЕННЫХ ХАРАКТЕРИСТИК, ИМЕЮЩИХ ЮРИДИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ.**

Правовую основу проведения экспертизы составляют Уголовный кодекс Республики Казахстан, Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан, Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях, а также Закон Республики Казахстан «О наркотических средствах, психотропных веществах, их аналогах и мерах противодействия их незаконному обороту и злоупотреблению ими». Списки наркотических средств, психотропных веществ, их аналогов и прекурсоров, утверждаются постановлениями Правительства Республики Казахстан и используются экспертами при идентификации исследуемых объектов.

Экспертиза назначается органами дознания и следствия. Объектами исследования могут быть целые наркотикосодержащие растения либо их измельченные части, полусинтетические и синтетические наркотические средства или психотропные вещества незаконного изготовления, кустарно приготовленные растворы наркотических средств, аналоги наркотических средств или психотропных веществ, микронаслоения наркотических средств, психотропных веществ, их аналогов на различных предметах-носителях. Основной задачей эксперта является установление природы неизвестного вещества и отнесение его к определенному виду наркотических средств, психотропных веществ, их аналогов и определение массы вещества, так как

эти показатели напрямую влияют на квалификацию правонарушения или преступления.

Проведение экспертизы включает несколько этапов. Сначала осуществляется внешний осмотр вещества с фиксацией его физических характеристик: цвета, формы, консистенции и состояния упаковки. Затем применяются предварительные химические исследования, позволяющие выявить наличие наркотического компонента. Основной этап исследования проводится с использованием современных инструментальных методов анализа, таких как хроматография и масс-спектрометрия, обеспечивающих точность и достоверность полученных результатов.

Результаты экспертизы оформляются в виде экспертного заключения, которое является самостоятельным источником доказательств по делу. Заключение эксперта должно быть научно обоснованным, объективным и соответствовать требованиям процессуального законодательства.

Таким образом, экспертиза наркотических средств в Республике Казахстан является важным инструментом борьбы с незаконным оборотом наркотиков, обеспечивая законность, объективность расследования и справедливость принимаемых судебных решений.

**А.Н. Бескенова,**  
Главный эксперт ИСЭ  
по области Жетісу

## ПРОФИЛАКТИКА ТРАВМАТИЗМА НА ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОМ ТРАНСПОРТЕ

Железнодорожный транспорт является одной из важнейших составляющих транспортной системы, обеспечивая перевозку пассажиров и грузов на большие расстояния. Несмотря на высокий уровень технической оснащенности и строгие регламенты безопасности, железная дорога остается зоной повышенной опасности. Профилактика травматизма на железнодорожном транспорте – важная социальная и производственная задача, направленная на сохранение жизни и здоровья людей.



Основные причины травматизма:

- нарушение правил поведения пассажирами и пешеходами;
- переход железнодорожных путей в не установленных местах;
- невнимательность и спешка;
- нахождение на объектах железной дороги в состоянии алкогольного или наркотического опьянения;
- несоблюдение требований охраны труда работниками железнодорожного транспорта;
- технические неисправности и износ оборудования.

Особую опасность представляют попытки перебежать пути перед движущимся поездом, подниматься на вагоны, а также использование наушников и мобильных телефонов вблизи железнодорожных путей.

Сотрудниками линейного отдела полиции на станции Уштобе обращаются к пассажирам и жителям города с призывом строго соблюдать правила поведения на железнодорожном транспорте, требовать техники безопасности и проявлять повышенную бдительность.

**К.А. Ендибаев,**  
Начальник ЛОП на станции Уштобе,  
подполковник полиции

## ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР НЕГІЗІНДЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ STEAM ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Қазіргі білім беру кеңістігінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жаңарту – уақыт талабы. Әсіресе балалардың логикалық ойлауын, шығармашылық қабілетін, зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған STEAM-білім беру технологияларының маңызы артып отыр. Осы орайда ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып, STEAM дағдыларын қалыптастырудың тиімді жолдарының бірі – қазақтың ұлттық ойындарын білім беру үдерісіне кіріктіру.**

STEAM (Science, Technology, Engineering, Art, Mathematics) – ғылым, технология, инженерия, өнер және математиканы біріктіре отырып оқытуға бағытталған заманауи тәсіл. Бұл бағыт мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық қызығушылығын арттырып, ездiгiнен ойлау, талдау, салыстыру, тәжірибе жасау қабілеттерін дамытады.

Ал қазақ халқының ұлттық ойындары – баланың жас ерекшелігіне

сай ойлауын, қимыл-қозғалысын, тапқырлығын жетілдіретін баға жетпес құрал. Мысалы, «Тоғызқұмалақ» ойыны балалардың математикалық есептеу, логикалық ойлау, стратегия құру дағдыларын қалыптастырады. Бұл – STEAM бағытындағы математика мен инженерлік ойлаудың айқын көрінісі.

«Асық ату», «Ханталапай» сияқты ойындарда балалар қашықтықты өлшеу, дәлдік, жылдамдық, күшті есептеу арқылы физика элементтерін

тәжірибе жүзінде меңгереді. Сонымен қатар ұсақ моторикасы дамып, кеңістікте бағдарлау қабілеті артады.

Ал «Арқан тарту», «Ақ серек – көк серек» ойындары командалық жұмыс, өзара келісім, тактикалық ойлау дағдыларын дамыта отырып, инженерлік және технологиялық ойлауға негіз қалайды. Бұл ойындар балалардың әлеуметтік дағдыларын да жетілдіреді.

Өнер бағыты (Art) ұлттық ойындар-

да ерекше орын алады. Ойын барысында қолданылатын ұлттық бұйымдар, өрнектер, тапқақтар мен санамақтар балалардың эстетикалық талғамын қалыптастырып, шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Ұлттық ойындарды STEAM бағытымен ұштастыра отырып ұйымдастырудың нәтижесінде:

- балалардың танымдық белсенділігі артады;
- логикалық және сыни ойлау қабілеті дамыды;
- ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығы қалыптасады;
- шығармашылық пен зерттеушілік дағдылары жетіледі.

Қорытындылай келе, ұлттық ойын-

дар – мектепке дейінгі жастағы балаларды жан-жақты дамытуға мүмкіндік беретін тиімді құрал. Оларды STEAM-білім беру элементтерімен үйлестіре қолдану арқылы біз ұлттық рухани мұрасын сақтай отырып, болашақтың білімді, ойлы, шығармашы ұрпағын тәрбиелей аламыз. Бұл – ұлттық тәрбие мен заманауи білімнің үйлесімді тоғысуының жарқын үлгісі.

**Айнагүл Өнерхан,**  
«Жетісу орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен»  
КММ «Бөбек» шағын орталығының  
тәрбиешісі

Сарқан ауданы

## АСЫЛ ҚАЗЫНА

## ӘРКІМ ӨЗ ҮЛЕСІН ҚОССА...

Халқымызда «Тіл тағдыры – ұрпақ тағдыры, ұрпақ тағдыры – ел тағдыры» деген ұлағатты ұғым қалыптасқаны баршаға мәлім. Сондықтан қазақ халқы ғасырлар бойы елі мен жерін, діні мен тілін сақтап қалу жолында талай қиын-қыстау кезеңдерді басынан кешірді. Өйткені ана тілі мәселесі – сол тілде жасаған, жасап келе жатқан халықтың өткені мен бүгінгісі таразылай отырып, болашағын баянды ететін, тірлігін танытатын сол халықтың мәңгілігінің мәселесі деуге болады. Ендеше елдіктің негізгі шарттары, сайып келгенде мемлекет тілінің, ұлт рухының көтерілген шыңымен өлшенетіні де айдан анық. Ата-бабаларымыз мұраға қалдырған ана тіліміздің мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілу жолын сөз еткенде, осындай маңызды мәселелерді айналып

өтуге болмайды.

Бүгінгі таңда мемлекеттік тіліміздің мәртебесін өсіріп, мерейін тасыту жолында егемен елімізде іргелі істер істеліп жатыр. Бодандық заманда жойылып кетудің аз-ақ алдында қалған ана тіліміздің абыройын асқақтатып, беделін биіктету тәуелсіз мемлекет болғалы бері қызу қолға алынды. Бұған көп ұлттың өкілдері мекендейтін – достық зертханасы атанған Қазақ елінде мемлекеттік тіл қазақ тілі болып табылатыны да айқын дәлел. Бұл жөнінде еліміздің қабылданған «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңда, мемлекеттік тілді дамыту және оның қолдану аясын кеңейту туралы Мемлекеттік бағдарламаларда да баса айтылған.

Дегенмен, мәселені толық шешу үшін бірден барлық шараларды мемлекеттік тілге көшіре салу оңай шаруа емес. Бұл тыңғылықты даярлықты, үйлесімді көзқарасты талап етеді. Өйткені, бірлігі жарасқан кең байтақ елімізде тату-тәтті тұрып жатқан басқа ұлт өкілдерінің де пікірімен санаспауға болмайды. Сол үшін бізде өзге ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді үйретуге қолайлы жағдайлар туғызылып жатыр. Бұған дәлел, барлық жерлерде мемлекеттік тілді оқыту орталықтары ашылып, өз бетінше тіл үйренушілерге арналған аудио және бейне таспалар, оқулықтар, сөздіктер шығарылуда. Мұның бәрі тіл үйренем дегендерге нақты көмек көрсету құралдары болып табылады. Бұл көрнекі құралдарда қазақ

халқының салт-дәстүрлеріне байланысты да толық мағлұматтар беріліп отырады. Бір сөзбен айтқанда көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар мемлекеттік тілді осындай қамқорлықтың арқасында тәп-тәуір меңгеріп кетеді. «Тілді күштеп үйрету мүмкін емес, тілді ықыласпен ғана үйренуге болады» деген нақыл бекер айтылмаған ғой.

Демек, мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейте түсуге әркім өз үлесін қоса отырып, асыл қазынамыздың мерейін арттыра түсуге септігін тигізсе нұр үстіне нұр болар.

Абылай ЕРАСЫЛ,  
Талдықорған қалалық сотының  
сот приставы.

## МЕДИАЦИЯ

## ҚОС ТАРАПТЫ ДА ҚАНАҒАТТАНДЫРАТЫН НҰСҚА

Күнделікті қызметімізде қазіргі таңда адамдар арасында болымсыз нәрсеге бола дау туып, бірінен бірі сөз асырмай, араздасып жататын, ақыры мәселесін сот арқылы шешу үшін сотқа жүгінетінін кездестіріп жүрміз. «Ашу дұшпан ақыл дос» дегендей сондай сәттерде «жеті өлшеп бір кесетіндей» шешім айтатын арағайындар дауласқан екі тарапты райынан қайтарып, татуластырып жіберсе түймедей нәрсе түйедей дауға айналып кетпес еді. Алайда, екі тарап та алған бетінен қайтпай, әрқайсысы өзімізді дұрыс деп, бетбақтырмай істі сотқа беруге бел бұған жағдайда бүгінгі таңда соттың өзі де дауласқан екі тарапты бітімгершілікке шақырып, медиациялық жолмен дауды шешуге әрекет жасап жатады. Өйткені, қазіргі қолданыстағы Азаматтық процестік кодексте дауды бітімгершілік жолмен шешуге баса назар аударылған. Сондықтан тараптарды судья алдын ала дайындық кезінде араларындағы туындаған дауды бітімгершілік жолмен, яғни медиациялық тәсілмен шешуге бола ма, жоқ па соны анықтайды. Қажет болған жағдайды тараптарға осы мәселені шешу үшін уақыт береді. Ол өз нәтижесін де беріп жатыр. Сот процестерінің медиациялық келісімге келіп, аяқталып жатқан үлесі де күн санап арта түсуде.

Медиацияның мақсаты – дауды шешудің медиацияның екі тарапын да қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу және тараптардың, дауласушылық деңгейін төмендету. Осы орайда сот әділдігін іске асырған қазақ билерінің ел ішіндегі дау-дамайды ұшықтырмай, іштей келісімге келтіріп, шешіп отырғанын атап өту керек. Бір сөзбен айтқанда, басты мақсаты мәмілеге шақыру болып табылатын медиация қазаққа жат ұғым емес. 4 тарау, 28 баптан тұратын «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2011 жылдың 28 қаңтарында қабылданды. Еліміздегі медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеп, оны жүргізу қағидаттары мен рәсімін, сондай-ақ, медиатордың мәртебесін айқындайтын заң қолданысқа енгізілген.

Медиация белгілі бір механизм емес, ол тек дауларды шешудің баламалы, әрі ең қолайлы тәсілі болып табылады. Медиаторға жүгіну керек пе, жоқ па дегенді тараптар өзара келісіп шешеді және оның бір ерекшелігі еріктілік, рәсімнің құпиялығы, қысқа мерзімде келісімге келу, келіссөздер жүргізу арқылы нақты бір ортақ шешімге келу, тараптардың тең құқылығын айтуға болады. Мұндай жолмен мәселенің шешілуі мүмкін болмаған жағдайда олардың сотқа жүгіну құқығы сақталады. Медиатордың судьядан айырмашылығы – медиатор жанжалға қатысушылармен болатын келіссөздерге белсенді қатыса алады, ал судья мұны жасай алмайды, ол араласпаушылық принципі ұстануға міндетті. Медиацияға бар болғаны 30 күн уақыт беріледі, ал соттар айларға, тіпті жылдарға созылады.

Ермек ДҮЙСЕМБАЕВ,  
Текелі қалалық сотының судьясы.

## МАМАН МІНБЕРІ

## АТҚАРУШЫЛЫҚ ҚҰЖАТТАРДЫ ОРЫНДАУДЫҢ ТӘРТІБІ

Жеке сот орындаушы – бұл арнайы лицензиясы бар, өз бетінше кәсіби қызмет атқаратын тұлға. Ол заңда көзделген атқарушылық құжаттарды орындау арқылы азаматтардың және ұйымдардың құқықтарын қалпына келтіруге бағытталған әрекеттерді жүзеге асырады. Жеке сот орындаушысының атқаратын міндеттері ауқымды. Бүгінгі мақаламызда солардың біріне қатысты әңгіме өрбітейік.

Қазақстан Республикасының «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңының 10-тарауы «Мүлкітік емес сипаттағы атқарушылық құжаттарды орындауға» арналады. Олар осы Заңның 104-107 баптарымен қамтылған. Мәселен, заңның 104-бабында «Борышкерді белгілі бір әрекеттер жасауға немесе оларды жасаудан тартынуға міндеттейтін атқарушылық құжаттарды орындау тәртібі мен орындамаудың салдары» көрсетілген. Онда борышкерді тек өзі ғана жасай алатын әрекетті жасауға немесе оларды жасаудан тартынуға міндеттейтін атқарушылық құжатты орындау кезінде сот орындаушысы борышкерге мерзім белгілей отырып, осындай әрекет жасау туралы хабарлама немесе оларды жасаудан тартыну қажеттігі туралы хабарлама жібереді. Борышкер сот орындаушысының талаптарын белгіленген мерзімде орындамаған жағдайда сот орындаушысы борышкерден мемлекет кірісіне мерзімі өткен әрбір күн үшін жеке адамдардан екі айлық есептік көрсеткіш және заңды тұлғалардан он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өсімпұл өндіріп алу туралы ұсыныспен сотқа жүгінеді, делінген.

Келесі бір мәселе, Заңның 105-бабында жұмысқа қайта қабылдау туралы атқарушылық құжатты орындау тәртібі мен орындамаудың салдары көрсетілген. Бұл баптың ерекшелігі оның дереу орындалу санатымен байланысты. Яғни, жұмысқа қайта орналастыру бұл – дереу орындауға жататын атқару құжаты болып табылады. Егер борышкер мекеме, ұйым басшысы сот шешімін дереу орындамаған жағдайда заңға сәйкес мемлекет пайдасына өсімпұл өндіру қарастырылған.

Сол сияқты, Заңның 106-бабында борышкерді үйден шығару туралы атқарушылық құжатты орындау тәртібі көрсетілген. Борышкерді тұрғынжайдан шығару туралы атқарушылық құжат сот орындаушысы белгілеген мерзімде орындалмаған жағдайда, тұрғынжайдан шығару – куәгерлердің, ішкі істер органдары қызметкерлерінің қатысуымен, ал көмелетке толмаған балалары бар меншік иесін, сондай-ақ оның қорғаншылығында немесе қамқоршылығында көмелетке толмағандар бар меншік иесін тұрғынжайдан шығарған жағдайда, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган өкілінің қатысуымен мәжбүрлеп жүзеге асырылады. Сот орындаушысы борышкерді үйден шығару уақыты туралы хабардар етеді. Үйден шығару уақыты туралы тиісінше хабардар етілген борышкердің болмауы атқарушылық құжатты орындауға кедергі болып табылмайды.

Жомарт ЖОЛБОСЫНОВ,  
Жетісу облысының жеке сот орындаушысы.

## ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

## ЖАҚЫНДАУҒА ТЫЙЫМ САЛУ

Сот процестерінде судья сотқа қатысушы тараптардың құқықтары мен міндеттері жайлы міндетті түрде түсіндіріп жататынына процеске қатысушылар куә болып жатады. Сол құқықтарының қатарында қауіпсіздік шараларын қолдану құқығы жайлы да айтылған. Сондықтан бүгінгі шағын мақаламызда сотқа қатысушы тараптарға қауіпсіздік шараларының бірі болып табылатын жақындауға тыйым салу туралы мәжбүрлеу шарасы жайында түсінік бере кетуді жөн көрдік.

Бұл мәжбүрлеу шарасы іске қатысы бар өзге де адамдарды қорғау мақсатында, отбасына және көмелетке толмағандарға қарсы күш қолданумен немесе оны қолданамын деп қорқытумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтың нақты қаупі болған жағдайда ҚР Қылмыстық-процестік кодекстің 165-бабында көзделгенін

талаптарға сәйкес қолданылатынын айта кету керек.

Жақындауға тыйым салу түріндегі процессуалдық мәжбүрлеудің бұл шарасы өзекті болып табылады. Өйткені оны қолдану кез келген физикалық немесе психологиялық зорлық-зомбылық мүмкіндігін болдырмай, қылмыстық құқық бұзушылық субъектісімен бірге тұратын жәбірленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жақындауға тыйым салуды тергеу судьясы санкциялайды немесе оны істі жүргізіп отырған сот қолданады. Жақындауға тыйым салу жәбірленушіні және іске қатысатын өзге адамдарды қорғау мақсатында күдіктінің, айыпталушының, сотталушының оларды іздестіруін, олардың ізіне түсуін, оларға баруын, олармен телефон арқылы сөйлесуін және өзге де тәсілдермен қарым-қатынас жасауын шек-

тууден тұрады.

Тергеу судьясы жақындауға тыйым салуды санкциялау туралы өтінішхатты өтінішхат сотқа келіп түскен кезден бастап жиырма төрт сағат ішінде жеке-дара қарайды. Тергеу судьясы өтінішхатты және істің ұсынылған материалдарын қарап шығып, жақындауға тыйым салуды санкциялау не санкциялаудан бас тарту туралы қаулы шығарады. Жақындауға тыйым салуды санкциялау немесе одан бас тарту туралы қаулыға осы Кодекстің 107-бабында көзделген тәртіппен шағым жасалуы, ол прокурордың өтінішхаты бойынша қайта қаралуы мүмкін.

Мына мәселеге де мән берген жөн. Жақындауға тыйым салу туралы қаулыда осы процестік мәжбүрлеу шарасын қолданудың негіздері және жақындауға тыйым салу түрлері, сондай-ақ оның сақталуын бақылау жүктелетін орган көрсетілуге

тиіс. Жақындауға тыйым салу туралы қаулының көшірмесі прокурорға, күдіктіге, айыпталушыға, қорғаушыға, қорғалатын адамға және бақылауды жүзеге асыратын органға тапсырылады.

Айта кету керек, жақындауға тыйым салу бұзылған кезде күдіктіге, айыпталушыға осы Кодекстің 160-бабында көзделген тәртіппен ақшалай өндіріп алу қолданылуы, сондай-ақ бұлтартпау шарасы қолданылуы мүмкін. Жақындауға тыйым салудың күшін жоюды осы шараға қажеттілік жойылған кезде – прокурордың келісуі бойынша қылмыстық қудалау органының уәжді қаулысымен, не қылмыстық істі сотта қарау барысында сот жүзеге асырады.

Анар ТОХТЫБАКИЕВА,  
Алматы облысы Іле аудандық  
сотының судьясы.

## БӘРЕКЕЛДІ

## ЖЕТІСУЛЫҚТАР ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНДА

Әл-Қассим қаласында (Сауд Арабиясы) өтіп жатқан тас жолдағы велоспорттан сары құрлықтың додасында Евгений Федоров екінші алтын медалін жеңіп алды, деп хабарлайды ҚР Туризм және спорт министрлігі Спортты дамыту дирекциясының баспасөз қызметі.

154.4 шақырымды құрайтын топтық бәсекеде отандасымыз қарсылас шақ келтірмеді. Ол бұған дейін жекелей сайыста да үздік шыққан еді.

Сөйтіп жетісулық велошабандоз Евгений Федоров биылғы жылдың құрлық біріншілігінің екі мәрте чемпионы атанды. Соңғы қашықтықта күміс медаль қытайлық Хаоуи Суға бұйырса, Біріккен Араб Әмірлігінің спортшысы Абдулла Жасим Әл-Әли қола медальды еншіледі.

Айта кетейік, биылғы додаға Азия құрлығының 22 елінен 621 спортшы қатысып, жүлделі орындарға таласты.



2026 жылғы 7-8 ақпан күндері Италияның Генуя қаласында джиуджитсудан «Genoa Open Grand Prix» халықаралық турнирі өтті.

Аталған жарыста жерлесіміз Кенжебай Дарын 62 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсетіп, жоғары шеберлігін дәлелдеп, чемпион атанды, - деп хабарлайды Жетісу облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының баспасөз қызметі.

## ГРЕК-РИМ КҮРЕСІ

## РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИР ӨТТІ

Үстіміздегі жылдың 6-9 ақпан аралығында грек-рим күресінен 2011-2013 жылы туған кіші жасөспірімдер арасында Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Жұмахан Сайдахметұлы Тұрғамбековтың жүлдесіне арналған республикалық ашық турнир өтті.

Ашылу салтанатында Панфилов ауданы әкімінің орынбасары Төлеухан Нұрдаулетұлы Керімбеков сөз сөйлеп, спортшыларға сәттілік тіледі. Аталған іс-шараға 35 команда, 400-ден аса споршы қатысты.

Үш күнге созылған тартысқа толы турнирдің қорытындысы бойынша жалпы есепте Ақтөбе қаласы командасы жеңімпаз атанып, бас жүлдеге ие болды. Екінші орын да меймандардың еншісіне тиді. Атап айтсақ, Шымкент қаласының палуандары жүлде тұғырының екінші сатысына көтерілді. Үшінші орынды Шаңырақ интернат мектебі командасы иеленді.

Жеңіске жеткен спортшылар мадақтама, медаль, кубоктар және қаржылай сыйлықтармен марапатталды.



## АЛҒАШҚЫ ЖАРЫСТАРДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕР

Көксу ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің оқушылары биылғы жылғы дүрмекті додалардың алғашқы сындарына қатысып та үлгерді. Айта кету керек, алғашқы аяқ алыстары да жаман емес. Оған біздің спортшылар қатысқан мына екі турнирдің нәтижесі де дәлел болса керек.



2026 жылдың 7-10 ақпан аралығында Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылында дзюдодан 2011-2012 жылы туылған жасөспірімдер



арасында Жетісу облысының чемпионы өтті.

Бұл біріншілікте Көксу ауданының спортшылары жақсы өнерлерімен көзге түсті. Жарыс қорытындысы бойынша төрт дзюдошы жүлдегер атанды. Атап айтқанда, Бақыт Мансұр 55 кг салмақта қарсылас шақ келтірмей чемпион атанса, 66 кг салмақта сынға түскен Ахан Дәулет алтын медаль үшін ақтық белдесуде ғана қарсыласына жол беріп, күміс медальды қоржынға салды. 70кг

өнер көрсеткен Заманбек Бақберген қола жүлдегер атанды. Сүйсінерлігі сол, бұрымды дзюдошылар арасынан 44 кг салмақта татамиге шыққан Гасанова Фидан да белдесулерін сауатты өткізіп, қола медальды қанжығалады.

Көксулықтарды осы байрақты бәсекеге білікті бапкерлер Көбеген Бақыт, Лаубаев Жалғас, Андасбаев Ришат, Сиражанов Алдаберген баптап апарды.

2026 жылдың 5-8 ақпан аралығында Талдықорған қаласында тоғызқұмалақтан



15-17 жастағылар арасында жекелей сында Жетісу облысының чемпионаты өтті. Аталмыш жарыс қорытындысы бойынша Көксу ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің оқушысы Елнұр СЕНБЕКҰЛЫ (суретте сол жақта) чемпион атанды.

Айнұр САМЕНОВА, Көксу ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің әдіскері.

